БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№105 (9423) | 1954 жылғы 26 май Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ

Украин ССР Жоғарғы Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған Мерекелік сессиясы (1-бет).

Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына —20 жыл (1-бет).

И. Верховцев— Коммунистер партиясы —ССРО халықтары достығының дем берушісі және ұйымдастырушысы (2-3-беттер).

КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ. М. Яков —Комсомол ұйымдарының жұмысы жаңа міндеттер дәрежесінде болсын (2-бет).

А. Балахметов —Жаңашылдар (2-бет).

Егіннен мол өнім алу күресін күшейте берейік! В. Курлов —Аудан егіс жоспарын орындады (3-бет).

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. С. Сутюшев —Совхоздардың мал шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жетейік (3-бет).

Ғ. Нуров —Шөп шабуға әзірлік (3-бет).

В. М. Молотовтың Кришна Менон мырзаны қабылдауы (4-бет).

Г. Кәрпешова —Пионерлер үйі жазғы демалыс қарсаңында (4-бет).

А. Сейітбеков— Жазғы айларда оқытушылардың білімін көтеру ісін ойдағыдай ұйымдастырайық. (4-бет).

Теміржолшылардың айбынды міндеттері

Партиямыз бен үкметіміз социалистік теміржол транспортын өркендетуге әрдайым көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді. Соның нәтижесінде теміржол тасымалының жұмысы жылдан жылға жақсарып, сан мыңдаған совет теміржолшылары елімізде коммунистік қоғам орнату ісіне өздерінің лайықты үлестерін қосуда.

Кәзір, ауыр индустрияны үздіксіз дамыту негізінде ауыл шаруашылығының жедел өркендетілуін, халық тұтынатын өнеркәсіп және азық- түлік товарларын өндіруді ұлғайтуды қамтамасыз ету міндеті алға қойылып отырған кезде теміржол тасымалының алдына да жаңа, зор талаптар қойылады.

Жақында болып өткен теміржолшылар активінің Бүкілодақтық кеңесі теміржол тасымалын жаңадан өркендетудің, жүк тасудың көлемін ұлғайтудың түйірлі мәселелерін талқылап, кемшіліктердің бетін ашты, бұл салада пайдаланылмай жатқан зор резервтер мен мүмкіншіліктердің бар екенін анықтап берді.

Теміржол тасымалы жұмысшылары активінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың Совет Одағының барлық теміржолшыларына жазған Үндеуі еліміздің барлық теміржолшыларын теміржол тасымалының жұмысын онан әрі жақсарту, жүк тасудың 1954 жылғы жоспарын толық және артығымен орындау жолындағы социалистік жарысты жаппай өрістетуге шақырады. Кеңестің қорытындысы болып табылатын бұл Үндеуде темір жолдардың жұмысын онан әрі жақсартудың, жүкті көп және шаппаң тасудың, ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерді толық пайдаланудың нақтылы жолдары көрсетілген, барлық мамандықтағы теміржолшылардың негізгі міндеттері белгіленген.

Бұл кеңесте барлық ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, артта қалған темір жолдарды, бөлімшелер мен кәсіпорындарын алдыңғы қатарлыларға теңеуге, сөйтіп, әрбір жолдың, әрбір станцияның жұмысты біркелкі өнімді істеуінің, олардың тасымал жұмыстары жоспарын жүктің түр- түрі бойынша толық және асыра орындауының жолдары көрсетілді.

Омбы темір жолының Петропавл жол айында ғана 30-дан астам поездардың нормадағыдан көп кем жүкпен жөнелтілгендігін айтқанның өзі ғана толық дәлел.

Жүктің мол тасылуы, халық шаруашылығының бұл жөніндегі қажетінің барынша мінсіз өтелуі теміржол тасымалындағы орасан зор ішкі мүмкіншіліктердің толық пайдаланылуына тікелей байланысты. Мұндай ішкі мүмкіншіліктер Петропавл теміржол бөлімшесінде де жеткілікті. Олай болса, жол бөлімшесінің басшылары, оның саяси бөлімдері мен партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мұның дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етіп, тасымал жұмысында кәзір орын алып отырған кемшіліктерді батыл жоюға, халықшаруашылық жүктерінің әрі тез, әрі көп тасылуына жетісулері керек.

Теміржол тасымалы жұмысшылары активінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылар паровоз машинистерін, диспетчерлерді, поезд құрастырушыларды, вагоншылар мен жол байқаушыларды ауыр салмақты поездарды жаппай құрастыруға және жүргізуге, локомотивтерді жоғары техникалық күтімде ұстап, олардың жылдамдығын арттыруға, отынды көптеп үнемдеуге, локомотивтер мен вагондардың айналымын тездетуге шақырды.

Тасымал жұмысын жақсартуда поезд жүргізудің графигін мұқият сақтаудың зор маңызы бар. Петропавл теміржол бөлімшесінде, әсресе, халықшаруашылық жүгін тасыйтын поездардың жүру графигінің кей реттерде бұзылуына жол берілін жүр. Енді кәрде бөлімше басшылары локомотив машинистерінің, диспетчерлердің, поезд құрастырушылардың, жол байқаушылардың, поезд вагон мастерлерінің бір бірімен тығыз ынтымақтаса жұмыс істеуін ұйымдастырып, бұл кемшіліктерді дереу жоюға, әрбір жүк тасыйтын поездың тағайындалған график бойынша жүруіне жетісуге міндетті.

Сол сыяқты, жолаушылар тасыйтын поездардың график бойынша хауіпсіз жүруін, вокзалдарда жолаушылардың барлық жағынан мәдениетті қамтылуын ұйымдастыру қажет.

Жол —теміржол тасымалының негізі. Жол бойын әрқашан жақсы ұстау, оныменпоездардың хауіпсіз және шаппаң

Украин ССР Жоғарғы Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған Мерекелік сессиясы

КИЕВ, 22 май. (СОТА). Бүкіл совет халқы ұлттық ұлы мерекені —Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын өзінің творчестволық күштері көркейіп, кемеліне келген жағдайда, қуанышпен және салтанатпен қарсы алды. Аса көрнекті бұл оқиғаға Отанымыздың тарихына мәңгі ұмытылмай есте қалатын бет болып қосылады.

Киевтің Т. Г. Шевченко атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының күмбезі үстінде Украин ССР-нің мемлекеттік жалауы еркін желбіреп тұр. Осы театрға, Украин ССР Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясына бүгін республиканың алдыңғы қатарлы адамдары—депутаттар мен көптеген қонақтар, Совет Одағының туысқан республикаларының делегациялары, Поляк Халық Республикасы Сеймінің, Канаданың біріккен украиндар Серіктігінің делегациялары жыйналды.

Таңертеңгі сағат 11. Сессияны Украин ССР Жоғарғы Советінің председателі депутат П. Г. Тычина ашып, қысқаша кіріспе сөз сөйледі.

Депутат П. Г. Тычина Украин Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің, Украин ССР Министрлер Советінің және Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің атына ССР Одағының Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің құттықтауы келіп түскенін хабарлады. Бұл хабар көпке дейін басымған ду овация тудырды.

Украин ССР Министрлер Советінің председателі Н. Т. Кальченко құттықтаудың текстін оқыды.

ССР Одағының Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің және Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің даңқты украин халқының коммунизмнің салтанаты жолындағы ұлы күресте жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдіргеніне, Украин Советтік Социалистік Республикасының, украин, орыс халықтарының және еліміздің барлық халықтарының мызғымас достығының күрметіне, бүкіл дуние жүзінің прогрессивтік адамдарының, Украинаны Ресейге қосуды қолдаушы Переяслав Рада шешімінің 300 жылдығына арналған Мерекелік сессиясы ССР-нің мемлекеттік жалауы еркін желбіреп тұр. Осы театрға, Украин ССР Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясына бүгін республиканың алдыңғы қатарлы адамдары—депутаттар мен көптеген қонақтар, Совет Одағының туысқан республикаларының делегациялары, Поляк Халық Республикасы Сеймінің, Канаданың біріккен украиндар Серіктігінің делегациялары жыйналды.

Таңертеңгі сағат 11. Сессияны Украин ССР Жоғарғы Советінің председателі депутат П. Г. Тычина ашып, қысқаша кіріспе сөз сөйледі.

Депутат П. Г. Тычина Украин Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің, Украин ССР Министрлер Советінің және Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің атына ССР Одағының Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің құттықтауы келіп түскенін хабарлады. Бұл хабар көпке дейін басымған ду овация тудырды.

Украин ССР Министрлер Советінің председателі Н. Т. Кальченко құттықтаудың текстін оқыды.

ССР Одағының Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің және Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің даңқты украин халқының коммунизмнің салтанаты жолындағы ұлы күресте жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдіргеніне, Украин Советтік Социалистік Республикасының, украин, орыс халықтарының және еліміздің барлық халықтарының мызғымас достығының күрметіне, бүкіл дуние жүзінің прогрессивтік адамдарының, Украинаны Ресейге қосуды қолдаушы Переяслав Рада шешімінің 300 жылдығын өзінің творчестволық күштері көркейіп, кемеліне келген жағдайда, қуанышпен және салтанатпен қарсы алды. Аса көрнекті бұл оқиғаға Отанымыздың тарихына мәңгі ұмытылмай есте қалатын бет болып қосылады.

Киевтің Т. Г. Шевченко атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының күмбезі үстінде Украин ССР-нің мемлекеттік жалауы еркін желбіреп тұр. Осы театрға, Украин ССР Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясына бүгін республиканың алдыңғы қатарлы адамдары—депутаттар мен көптеген қонақтар, Совет Одағының туысқан республикаларының делегациялары, Поляк Халық Республикасы Сеймінің, Канаданың біріккен украиндар Серіктігінің делегациялары шын жүректен қызу құттықтады.

Баяндамашы туысқан екі славян халқының мызғымас бірлігін мәңгі нығайтқан Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының тарихи ұлы маңызына толық тоқталды.

Орыс және украин халықтарының қасырлардан бергі туысқандығы Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі жолындағы шайқастарда бекіп, нығайды, деді баяндамашы бұдан кейін. Орыс пролетариаты қаһарман Коммунистік партияның басшылығымен жеңімпаз социалистік революцияны басқарып, жүзеге асырды. Украин халқы орыс халқының соңынан бірінші болып еріп, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жолына, социализм орнату жолына түсті.

Кириченко жолдас украин халқының Коммунистік партиясын басшылығымен өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті өркендетуде жеткен табыстарын толық сипаттап берді.

Баяндаманы аяқтай келіп, Кириченко жолдас былай деді:

—Украин халқы, Украина КП Орталық Комитеті, Украин ССР Үкметі біздің даңқты Отанымыздың халықтарының достығын көздің қарашығындай сақтап, нығайта береді деп, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетін, Совет Үкметін, орыс халқын және Отанымыздың барлық халықтарын сендіруге рұқсат етіңіздер.

Баяндамашының ұлы Отанымыз —Советтік Социалистік Республикалар Одағының, ұлы орыс халқының, украин және

де орындарынан тұрды. Залда орыс халқының күрметіне күшті овация жасалды.

Бұдан кейін Белорус ССР делегациясының басшысы, БССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Б. И. Козлов сөз сөйледі.

Бүкілхалықтық мереке —Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы күні, деді Козлов жолдас, белорус халқы туысқан украин халқының халық шаруашылығы мен мәдениетін онан әрі көркейту жолындағы, социалистік Отанның қуатын нығайту жолындағы, елімізде коммунизмнің толық жеңуі жолындағы күресте жаңа, зор табыстарға жете беруін шын жүрегінен тілейді.

Өзбек ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі, делегацияның басшысы Ш. Рашидов өзбек халқынан украин еңбекшілеріне шын жүректен сәлем тапсырды.

Трибунада, қазақ халқы делегациясының басшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. Д. Ондасынов. Ол сөзінің бас кезінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының, Министрлер Советінің және Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің украин халқына арнаған құттықтау хатының текстін оқыды.

— Совет Одағының партиясы мен үкметі, —деді бұдан кейін Ондасынов жолдас, —Совет Одағының барлық халықтарының экономикасы мен мәдениетін көркейтіп, өсіруге әкелік қамқорлық жасап келеді. Қазақ халқы, Отанымыздың барлық халықтары сияқты, Совет Одағының туысқан Коммунистік партиясына, Совет Үкметіне өзінің шексіз сүйіспеншілігін білдіреді және елімізде Коммунистік қоғам орнатудың ұлы ісіне өзінің лайықты үлесін қосуға берік бел байлап отыр.

Грузин халқы делегациясының басшысы, Грузин ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. Д. Чубинидзеге құттықтау үшін сөз берілді.

— Грузин халқы, —деді ол, —туысқан украин халқымен бірге қуанып, Совет Одағының барлық халықтарының ұлттық салтанаты болып табылатын аса көрнекті тарихи оқиғаны онымен бірге

Тәжік ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. Додхудоев өзінің сессияда сөйлеген сөзінде.

Армян ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ш. М. Арушанян өзінің сөзін еліміздің барлық туысқан халықтарын мәңгі топтастырған, олардың көркейе беруіне шексіз мүмкіндіктер тудырған Коммунистік партияға арнады.

Түрікменстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Н. Дурдыева өз халқының атынан Украинаның еңбекшілерін қызу құттықтады.

Бұдан кейін Эстон ССР делегациясының басшысы, Эстон ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары Г. Неллис сөз сөйледі.

Карел- Фин ССР делегациясының басшысы, республиканың Жоғарғы Советі Президиумының Председателінің орынбасары В. В. Карпов Карел- Фин ССР жұмысшыларының, қолхозшыларының, интеллигенциясының, барлық еңбекшілерінің туысқан украин халқының коммунистік құрылыстың барлық участоктерінде жаңа табыстарға жете беруін шын жүректен тілеп отырғанын атап айтты.

Сәулетті мерекенің құрметіне туысқан одақтас республикалардың барлық делегациялары украин халқына тартулар, құттықтау хаттар алып келді. Делегациялардың басшылары жыйналғандардың ду қолшапалақтауы үстінде осы шын жүректен жіберілген тартуларды Украин ССР Жоғарғы Советінің Председателі П. Г. Тычинаға тапсырды.

Поляк Халық Республикасының Сеймі делегациясының басшысы, Мемлекеттік Совет Председателінің орынбасары Стефан Игнарды депутаттар мен қонақтар ду қолшапалақтап қарсы алды.

Канаданың біріккен украиндар Серіктігінен украин халқын құттықтау үшін делегацияның басшысы, Канаданың Славян комитетінің председателі И. П. Бойчукке сөз берілді. Депутаттар мен қонақтар оны қызу құттықтады.

Украин ССР Жоғарғы Советінің сессиясы орасан зор өрлеу жағдайында ұлы орыс халқына украин халқының құттық-

жылдары біраз жақсарды. Бөлімшеде жүк тасудың көлемі едәуір ұлғайтылды.

Халық шаруашылығы жүгін тасуда Петропавл паровоз депосының таңдаулы машинистері игілі жұмыстар істеуде. Депоның Слюнько, Кочешков, Леонтьев, Швидко, Демидов сияқты алдыңғы қатарлы машинистері еліміздің таңдаулы локомотившілері Папавин мен Лунинның әдістері бойынша жұмыс істеп, паровоздардың техникалық жылдамдығын арттырып, салмағы нормадағыдан арттырылған ауыр составтарды графиктен бұрын жеткізуде. Аталған машинистер үстіміздегі жылдың өткен айларының өзінде ондаған ауыр салмақты поездарды шаппаң жүргізіп, жүздеген тонна отын үнемеді.

Сол сияқты паровоз және вагон жөндеу деполарында локомотивтер мен вагондар жөндеудің жоспарлары ойдағыдай орындалуда. Бұлар, әрбіре вагондардың жөндеуде тұру мерзімін қысқартып, олардың жөнделу сапасын едәуір жақсарта түсті.

Бірақ бұл айтылғандардан Петропавл теміржол бөлімшесінің жұмысында кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Атап айту керек, бөлімше басшылары жүк тасуға ішкі мүмкіншіліктер мен резервтерді толық пайдалануды қамтамасыз ете алмай отыр.

Петропавл станциясында жүк тасудың қарқыны әлі де баяу. Оның себебі мұнда жүк тасуға қолда бар мол күш мүмкіншіліктердің толық пайдаланылмай отырылғандығында.

Мұнда поездардың уақытылы құрастырылмауы, вагондардан жүктің кешіктіріліп түсірілуі, немесе оған жүктің кезінде тиелмей вагондардың босқа қарап тұруы сияқты фактілер жиі кездесіп жүр. Станцияда поездарды құрастыруда, вагондарға жүк тиеуде осы күнге дейін үстірттілікке жол беріліп келеді. Кейде жөнелтілетін составтарға жүк нормадан аз тиеледі. Станция басшылары жөнелтілген жүкті тонна есебімен емес, поездардың санымен есептеуді әдетке айналдырып алған. Бұған Петропавл станциясынан апрель [illegible] жолды әрдайым бабында ұстап, жүк тасыған поездардың бөгелмей график бойынша жүруіне өздерінің келелі үлестерін қосуға тиіс.

Жүк тасуды ұлғайту, поездардың салмағы мен жылдамдығын арттыру ең алдымен локомотивтер мен вагондардың сапалы жөнделуіне, олардың жол үстінде бүлінбей ұзақ айналымда жүруіне байланысты. Петропавл паровоз, вагон деполарының слесарьлары, токарьлары, мастерлері, инженерлері комплекст бригадалардың бригадирлері, вагон мастерлері мен слесарьлары, вагон байқаушылары, техникалық байқау пунктінің барлық жұмысшылары өндірісте озат әдістерді қолдана отырып, локомотивтер мен вагондардың үнемі жоғары техникалық күтімде болуына жетісулері керек.

Петропавл теміржол бөлімшесінің басшылары теміржолшылардың іркіліссіз өнімді жұмыс істеуіне барлық мәдени-тұрмыстық жағдайларды жасап отыруға тиіс. Бұл үшін клубтың, демалыс үйлерінің, поликлиниканың, магазиндер мен асханалардың және басқа да қоғамдық орындардың жұмысын барынша жақсартып, олары теміржолшыларды мінсіз қамтыйтын ету керек.

Бөлімшенің саяси бөлімі, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары теміржолшылар арасында саяси- бұқаралық жұмысты күшейтуге, социалистік жарысқа нақтылы басшылық жасауға, тасымалда берік тәртіп орнатып, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруға, сын мен өзара сынды кеңінен өрістетіп, кемшіліктерге қарсы батыл күрес жүргізуге тиіс. Сонымен бірге, олар еліміздің таңдаулы теміржолшыларының іс тәжрибесін кеңінен насихаттап, оның өндіріске енгізілуін қамтасыз етулері керек.

Еңбек өнімділігін онан әрі арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, халықшаруашылық жүгін көп тасу, оның өзіндік құнын кемітуі —Петропавл теміржол бөлімшесі теміржолшыларының кәзіргі уақыттағы ең айбынды міндеті, міне осы.

Жаңа совхоздар—жоғары агротехника шаруашылықтары

Қостанай, (ҚазТАГ). Жаңа астық совхоздарында дала жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Алғашқы көктемнен бастап- ақ жаңа шаруашылықтар жер шаруашылығы жұмыстарын агротехникалық жоғары дәрежеде жүргізуде. Озат агротехникалық әдістерді ойдағыдай меңгеруде Орджоникидзе совхозы үлгі көрсетуде. Мұнда тың жер түренді плугтермен 22—25 см тереңдікте жыртылып, бір мезгілде тырмаланады. 180 градусқа дейін аударылған жердің үстінгі қабаты борозданың түбіне тығыздалып жатқызылып, жақсылап тегістеледі.

Өрнек совхозының егіншілері агротехникалық ережелерді қатаң сақтауда. Олар кәзірдің өзінде екі мың гектардан аса тың көтерді. Совхоздың егін алаңдары біркелкілігімен, ақыз жиектерінің тегістеліп өңделуімен көзге түседі. Оларда бірде -бір атжал қалмаған. Баталинск, Краснопресненск, Урицк, Борвинов, Лесной және басқа да совхоздар дала жұмыстарын агротехникалық жоғары дәрежеде жүргізуде.

Жаңа астық совхоздары екі жыл ішінде жүз мыңдаған гектар тың және тыңайған жерлерді игереді. Быйыл көктемде егілетін 15 мың гектар жер тұқымдық участокке бөлінеді. Сондықтан кәзір егіншілер тұқым дайындауға ерекше көңіл бөлуде. Егіс жергілікті жағдайға жақсы бидайдың «гордейформе 189», «акмолинка 1» сортымен себіледі. Егінді тоғыспалы әдіспен егу кеңінен қолданылуда.

Парға жыртылған тыңды бірнеше рет дискелеу немесе культивациялау, сөйтіп бір мезгілде тырмалау белгіленді. Қар тоқтату үшін күнбағыстан ықтырма егу қарастырылған.

[illegible] Социалистік Республикалар Одағының құрметіне айтқан ұрандарына ду қолшапалақтады.

Председательдік етуші қуанышты жаңа хабар айтты: Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының құрметіне және украин халқының шаруашылық пен мәдениет құрылысында жеткен аса үздік табыстарын ескеріп, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Украин Советтік Социалистік Республикасын Ленин орденімен наградтаған. Депутаттар мен қонақтар Указдың текстін зор ықласпен тыңдады. Бәрі де орындарынан тұрды. Залда ұзақ овация жасалды.

П. Г. Тычина СССР Жоғарғы Советі Президиумының Киев қаласын Ленин орденімен наградтау туралы Указын оқыған кезде қайтадан овация жасалды.

«Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы» туралы баяндама жасау үшін Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бірінші секретары А. И. Кириченко жолдасқа сөз берілді. Жыйналғандар оны жылы шыраймен қарсы алды.

Кириченко жолдас баяндамасының бас кезінде Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің, Советтік Украина Үкметінің, Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының тапсыруы бойынша, бүкіл украин халқының атынан Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мейрамдауға келген қымбатты қонақтарды, ұлы орыс халқын туысқан Советтік республикалардың делегацияларын, Отанымыздың даңқты асмас достығының құрметіне, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің құрметіне айтқан ұрандары көпке дейін басылмаған ду овация тудырды.

Украин ССР Жоғарғы Советі ССРО Жоғарғы Советіне, ССРО Министрлер Советіне, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне украин халқының атынан жазылған құттықтау хаттың текстін ұрасан зор жіпермен қабылдады.

Туысқан орыс халқынан украин халқына құттықтаған сәлем тапсыру үшін РСФСР делегациясының басшысы, РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. П. Тарасовқа сөз берілді.

—Қымбатты жолдастар, достар! —деді Тарасов жолдас. —Менің РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Министрлер Советінің атынан Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына байланысты орыс халқынан, сүйікті Отанымыздың ұлы астанасы —Москвадан және Россия Советтік Федерациялық Социалистік Республикасын мекендейтін барлық халықтан Сіздерге және Сіздер арқылы бүкіл украин халқына қызу құттықтап, шын пейілмен жолдаған сәлемін тапсыруыма рұқсат етіңіздер **(ду қолшапалақтау).**

Орыс және украин халықтарының мызғымас достығының белгісі ретінде Тарасов жолдас РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Министрлер Советінің атынан Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының құрметіне украин халқына тарту тапсырды. Бәрі

Азербайжан делегациясының басшысы, Азербайжан ССР Министрлер Советінің Председателі С. Рагимов Азербайжан еңбекшілерінің атынан Украин ССР Жоғарғы Советінің сессиясын және сол арқылы украин халқын қызу құттықтады.

Сөз литван халқы делегациясының басшысы, Литва Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары М. Ю. Шумаускасқа берілді. Ол бір-бірмен қол ұстасып, Коммунистік партияның басшылығымен, коммунистік қоғам орнату үшін күресіп жатқан ұлы Совет Одағының барлық халықтары тағдырының ортақтығы туралы айтты.

Молдаван ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі И. С. Кодица молдаван халқының тапсыруы бойынша және соның атынан Украинаның еңбекшілерін бүкілхалықтық мерекемен құттықтады.

Трибунада —Латвия ССР Министрлер Советінің Председателі В. Т. Лацис. Ол Латвия халқының Украина еңбекшілеріне арнаған құттықтауларын оқыды.

Қырғызстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары, делегациясының басшысы Қ. Қарақеев қырғыз халқының шын жүректен құттықтаған жалынды сәлемін тапсырды.

—Отанымыздың халықтарының туысқан семьясында Украина мен Тәжікстан еңбекшілерінің достығы көркейіп, нығайып келеді, біздің республикалардың арасындағы экономикалық және мәдени байланыс барған сайын ұлғайып келеді, —деді тәжік делегациясының басшысы,

Бұдан кейін Украин ССР Жоғарғы Советі Россия Советтік Федерациялық Социалистік Республикасының Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясына баратын Украин Советтік Социалистік Республикасының Үкмет делегациясының құрамын 35 адамнан бекітті.

Председательдік етуші —Украин ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат П. Г. Тычина Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеуге байланысты УССР Жоғарғы Советі Президиумының, УССР Министрлер Советінің және Украина КП Орталық Комитетінің атына туысқан одақтас республикалардан, партия, қоғам ұйымдарынан көптеген құттықтау телеграммалар алынғанын хабарлады. Ол жыйналғандардың атынан құттықтау сәлем жолдағаны үшін барлық ұйымдарға шын жүректен алғыс айтты.

Депутат П. Г. Тычина УССР Жоғарғы Советінің атынан өздерінің өкілдері сессияда шығып сөйлеген туысқан республикалардың барлық делегацияларына украин халқын құттықтаған жылы шырайлы сөздері үшін, олардың Советтік Украинаның еңбекшілеріне алып келген жомарт тартулары үшін шын жүректен алғыс айтты.

Украин ССР Жоғарғы Советінің Председателі П. Г. Тычина Украин Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясын жабылды деп жариялады.

Украин ССР Мемлекеттік Гимні салтанатпен естілді.

Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрына—20 жыл

25 майда Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының құрылғанына 20 жыл толды.

Шыңғысхан, Жоңғар, Қоқан және Хиуа хандарымен Бұқар әкімдерінің шапқыншы ордалары, қасырлар бойы правосыздық, қайыршылық, қанау етек алған ежелгі қазақ даласының көз жеткісіз жазық даласында Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы құрылды. Қазақстанның даласы мен жеріне табиғат барлық байлықты үйіп-төгіп берген. Бұл ел халықтың көркемдік творчествосының алуан түрлі асыл мұраларына да бай. Бірақ, қазақ халқының тарихында белгілі орыс музыканты—этнограф Александр Затаевич жыйнап, екі томға енген халықтың әншілік творчествосының шығармалары (1500 ән) бірінші рет жазылып алынып, жарыққа шыққанына 20 жыл ғана өтті.

Атақты француз жазушысы, дүниежүзілік музыкалық мәдениетті өте жақсы білген Ромен Роллан қазақ музыкасымен таныса келіп, ол туралы өзінің қуанышын білдірген. «Ақсақ құлан туралы ақыз», мәселен, өте түсінікті үнмен берілген, адамды толқытатын күшіне мен таңтамаша қалдым» деп жазған Ромен Роллан.

Қазақтың осы белгілі музыкалық ақызы мазмұнының өзі ғана қазақ халқының өмірінде музыканың қандай ерекше орын алғандығын сыпаттайды. Бұл ақызда ақ аулап жүргенде тағы қуланның туғы тиіп, Жошы ханның баласының қалай өлгендігі айтылады. Қаһарлы хан баласының ақ аулаудан қайтуын көп уақыт күтіп, бір бақытсыздық болғанын аңғарады да өзінің сүйікті ұлының қазаға ұшырағандығы туралы хабарды кім жеткізсе, оның өңешіне қорғасын қорытып құятындығын ескертеді. Ханға қайғылы хабарды естіртуге ешкімнің батылы бармайды. Сол кезекте карт қобызшы Жошы ханның баласының өлгендігін сөзбен естіртуге батылы бармай, қобыз қылының нәзік үнімен естіртеді. Қобыз шектері ойнай бастайды. Оның сазды үні жазық далада ақ аулаудың көріністерін, қуанның туғынан қаза тапқан хан баласының өлімін бейнелейді. Жошы қайғылы өлеңнің үніне түсініп, музыкалық аспап—қобыздың бетіне қайнаған қорғасынды күюға буйырады...

Ақыз мазмұнының қайдан шыққандығынын немесе оның әнінің сөзіне ешқандай тарихи дәлелдер жоқ. Ол тек халықтық музыкалық аспаптың үнімен ғана ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қала берген. Күй деп аталынатын шығармалардың мұндай түрі қазақтың халықтық музыкасына тән.

Қазақтың халық музыкасы өзінің осы бар байлығына қарамастан Октябрь революциясына дейін музыкалық сауатты да, музыкалық мәдениеттің жалпы қолданылатын түрлерін де білмеді. Тіпті қазақ халқының сөздік қорының өзінде де «композитор», «театр», «опера», «дирижер» деген сөздер бұрын болған жоқ.

Халықтың ән байлығының негізінде, ұлы орыс мәдениетінің көмегі арқасында және Коммунистік партия мен Совет Үкметінің үнемі қолдап отырғандығының нәтижесінде қазақ халқы көп ілгері басып, европалық музыкалық мәдениеттің таңдаулы шығармаларын меңгеру дәрежесіне көтерілді.

Үстіміздегі жылдың 25 майында Қазақ республикасының астанасы Алматы қаласында 1934 жылы ұйымдастырылған Қазақтың ұлттық опера театрының құрылғанына 20 жыл толуы кеңінен атап өтіледі. Қазақтың ұлы халық ақыны Абай Құнанбаевтың есімімен аталатын бұл театрдың негізін салушылар мен басшыларының арасында жас, талантты қазақтың әнші қызы Күләш Байсейітова бар. Кәзіргі күнде Байсейітова — опералық театрдың даңқты артисткасы. Оған Совет Одағының халық артисткасы деген атақ берілген. Күләш Сталиндік сыйлықпен екі рет наградталды. Көрнекті опералық шығармалармен («Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын») бірге Күләш Байсейітова Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсында Татьянаның образын, «Демон» операсында Тамараның образын жасады.

Астананың опера сахнасында қазақтың жас композиторы Мұқан Төлебаевтың «Біржан және Сара» операсы қойылуда. Автор 25 жасына дейін қазақ ауылында болып, музыкалық сауат туралы түсініг де болмаған. Мұнан екі жыл бұрын ол профессор И. Я. Московскийдің композициялық класы бойынша Москваның мемлекеттік консерваториясын ойдағыдай бітірді. Оперaның авторы Мұқан Төлебаев, сол сияқты, оны қоюшы және басты рольдерде орындаушылар —режиссер — республиканың халық артисі Құрманбек Жандарбеков, әншілер —халық артисі Өнуәрбек Үмбетбаев, еңбек сіңірген артистка Шабал Бейсекова, еңбек сіңірген артист Байғали Досымжанов, суретші — еңбек сіңірген артист Анатолий Ненашев Сталиндік сыйлықпен наградталды.

Қазақ опера театрының сахнасында халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Евгений Брусиловскийдің шығар малары да қойылады. Жуырда Брусиловскийдің халықтар достығы туралы тақырыпқа арналған «Дударай» жаңа операсы көрсетілді. Қазақтың жас жігіті Дударға ғашық болған орыс қызы Мариянның ролін жас артистка Эра Епонешникова орындайды, ол Алматының консерваториясын бітірген.

Опера және балет театрының коллективі өзінің құрылғанына 20 жыл толуын атап өтіп, творчестволық жаңа ойларды жүзеге асыруға, реалистік искусстволық күші мен Коммунистік құрылыстың идеяларын насихаттауға мұнан былай да даяр.

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

КОМСОМОЛ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАҢА МІНДЕТТЕР ДӘРЕЖЕСІНДЕ БОЛСЫН

СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль -март Пленумдары қойған міндеттерді шешуде село жастары және оның авангарды —комсомол зор роль атқаруға тиіс. Соңғы уақытта облыс комсомол ұйымы сан жағынан өсіп, ұйымдық жағынан нығайды. Партияның шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру үшін 2 мыңнан астам комсомолецтер келді. Қала комсомол ұйымы да ауыл -селоға тұрақты жұмысқа комсомолецтер мен жастардың үлкен тобын жіберді. Паровоз депосы комсомолецтерінің бастамасы бойынша қаланың 600-ге жуық жас жігіттері мен қыздары ауыл шаруашылығында жұмыс істеу үшін тілек білдіріп, механизатор болып селоға барды.

Мұның бәрі аудандық комсомол комитеттері мен бастауыш комсомол ұйымдарынан жастар арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмысты жаңа міндеттердің, бүкіл ауыл шаруашылығының негізі —астық өндіруді шұғыл арттыру міндетінің дәрежесіне сәйкес жүргізуді талап етеді. Облыста өз жұмыстарын осы тұрғыдан ұйымдастырып отырған комсомол ұйымдары аз емес.

Мәселен, Приишім совхозының комсомол ұйымы дала жұмыстары басталғанға дейін көп бұрын әрбір комсомолецтің қайда жұмыс істейтінін белгіледі. Совхоз дирекциясы трактор бригадаларын ұйымдастыруға кіріскен кезде комсомолецтер дирекция мен партия ұйымының алдына комсомол -жастар бригадаларын құру жөнінде мәселе қойып, бұл бригадалардың құрамы туралы нақтылы ұсыныстар жасады. Комсомолецтердің инициативасы қолдау тапты. Кәзір егіс даласында төрт комсомол -жастар бригадасы жұмыс істеп жүр. Бұл бригадалардың құрамында 35 комсомолец бар. Олардың басым көпшілігі сменалық тапсырмаларын артығымен орындап жүр.

Комсомол ұйымдары тың және тыңайған жерлерді игеру үшін облысымызға келген ерікті жас патриоттардың арасында үлкен жұмыс жүргізуге тиіс. Тәжрибе мынаны айтады: комсомол ұйымдары ерікті жас патриоттарды ойдағыдай қарсы алып, олардың жұмысқа орналасуына кезінде қамқорлық жасаған жерде патриот комсомолецтер комсомол ұйымының жұмысына белсене қатысып жүр. Октябрь ауданының комсомол комитеті Тимирязев атындағы совхоздың ұйымдасқан алғашқы күндерінен бастап ондағы комсомолецтердің есебін алып, комсомолецтердің жиналысын өткізу үшін ұйымдастыру комитетін құрды. Совхоз комсомолецтерінің алғашқы жиналысында жастар арасында беделі бар комсомолецтер есебінен комсомол комитетінің құрамы сайланды. Кәзір комсомол комитеті бригадаларда комсомол ұйымдарын құру жөнінде әзірлік жұмыстарын жүргізуде.

Булаев аудандық комсомол комитеті дық комитет совхоз комсомолдарының алдында борышта болды.

Мұндай жағдай осы ауданның Ұзынкөл және Чистов совхоздарында да орын тепті. Аталған шаруашылықтардың партия, комсомол ұйымдары өздеріне келген патриот комсомолецтерді кезінде есепке алып, олардың арасында саяси -тәрбие жұмысын ұйымдастыруды ұзаққа созды. СОКП Уставы шаруашылық басшылары мен партия ұйымдарының, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың жұмысын жақсарту жөнінде комсомол ұйымдарына мәселе қою туралы инициатива көрсету правосын берді. Мұндай инициатива көрсетудің қандай пайдалы екенін Возвышен совхозы комсомол ұйымының өнегесінен көруге болады. Совхозда өткен мал қыстату кезінде жас төлдердің көп шығын болуына жол берілді. Комсомол ұйымы бұл кемшілікті түзету үшін мал шаруашылығына таңдаулы комсомолецтерден 25 адам жіберіп, мал фермаларында комсомол -жастардың бақылау постыларын ұйымдастырды. Олар төлдердің шығын болу себебін ашты. Фермаларда бұзауларды азықтандыру нашар ұйымдастырылғанын, оларға арналған суттің талан- таражға түскенін анықтады. Бұл жөнінде комсомолецтер дирекция мен партия ұйымының алдына мәселе қойып, жас төлдердің күтімін жақсарту жөнінде қажетті шаралардың жүзеге асырылуына жетісті.

Комсомол ұйымы социалистік жарыстың алдыңғы сапында болу үшін барлық комсомолецтердің колхоз, совхоз өндірісінде жұмыс істеуіне, олардың еңбекте өнеге көрсетуіне жетісу қажет. Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхозда бірқатар комсомолецтер жұмыс нормаларын орындамайды, ал 5 комсомолец колхоз өндірісіне мүлдем қатынаспайды. Олай болса, социалистік жарыста комсомол ұйымының авангардтық ролі жөнінде қандай сөз болуы мүмкін. Комсомол ұйымдары әрбір комсомолецтің еңбекте өнеге көрсетуіне жетісуге тиіс.

Партия комсомолдың алдына мемлекеттік зор маңызы бар міндеттер—жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу, марксизм-ленинизм идеяларын насихаттау, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясатын кеңінен түсіндіру міндеттерін қойып отыр. Әсресе, село комсомол ұйымдары үшін СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль -март пленумдарының қаулыларын жастар бұқарасына кеңінен түсіндірудің зор маңызы бар.

Алайда, бірқатар комсомол ұйымдары жастарға саяси -тәрбие беру, мәселесіне жете көңіл бөлмейді. Мәселен, Совет ауданында комсомол оқуы жүйесіндегі саяси үйірмелердің сабағы көп жерлерде сирек өтеді. Киров атындағы совхозда, «Борьба за коммунизм» колхозында жыл бойы небары 4-5 сабақ қана өтті. Ал, «Победа» колхозының комсомол ұйымы комсо-

Өткен жылы комсомолға алынған жастардың ішінде колхозшылар небары 10-ақ процент.

Село комсомол ұйымының жұмысындағы бұл және басқа кемшіліктер облыстық және аудандық комсомол комитеттерінің басшылық стилі бүгінгі күннің талаптарына жауап бермейтінін дәлелдейді. Облыстық комсомол комитеті және бірқатар аудандық комсомол комитеттері өздерінің жұмыстарын әлі де болса СОКП Орталық Комитеті қойған міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастыра алмай келеді.

Облыстық комсомол комитетінің басшы қызметкерлері жергілікті жерде жиі болып, комсомол ұйымдарының жұмысына практикалық көмек көрсетудің орнына, түрлі қаулылардың жобаларын даярлау және шаралар белгілеумен уақыт өткізіп отыр. Облыстық комитеттің соңғы пленумында басшылықтың бұл жарамсыз әдісінен арылмағаны үшін облыстық комитеттің бюро мүшелері мен секретарьлары әділ сыналды.

Облыстық комитет осы жылы февраль айында Совет аудандық комсомол комитетінің село комсомол ұйымдарына басшылығы туралы есебін тыңдап, оның жұмысын қанағаттанғысыз деп тапты, жұмыстағы кемшіліктерді жою жөнінде шаралар белгілеп, қаулы алды.. Бірақ не пайда, ол өзінің қабылдаған қарарын орындауды және тексеруді күні бүгінге дейін қолға да алған жоқ.

Бірқатар басшы комсомол қызметкерлері түрлі мәжілістер мен кеңестердің өзі бригадалар мен фермаларда жиі болудың пайдалы екенін көп айтады. Бұл дұрыс. Бірақ, сол басшы комсомол қызметкерлерінің жергілікті жердегі практикалық жұмыстары әзірше байқалмайды. Мәселен, Мамлют аудандық комсомол комитетінің секретары Завгородняя жолдастың уақыты көбіне қайда өтеді, соған тоқталайық. Ол 22 мартта —аудандық партия комитетінің пленумында, 23 мартта — насихатшылардың семинарында, 24 мартта —аудандық комсомол комитетінің пленумында, 25 мартта —аудандық Советтің сессиясында болды, ал 26—27 март күндері облыстық комсомол комитетінің пленумына қатысты. Сөйтіп, Завгородняя жолдас аудандық комсомол комитетінің секретарьлығына сайланғаннан кейінгі үш айда 25 күнді түрлі кеңестер мен мәжілістерге қатысумен өткізді. Егер Завгородняя жолдастың жоғарыда айтылғандардан басқа тағы да 20 күнді Петропавл мен Алматыда өткізгенін айтсақ, онда оның ұйымдастыру жұмысы мен айналысуға еңбір уақыты болмағаны өзінен өзі түсінікті. Жұмыстың мақсаты басшы комсомол қызметкерлерінің жергілікті жерлерде ұйымдастыру мәселелерімен шұғылдануларын талап етеді.

Облыстық комсомол комитеті мен



Партияның шақыруымен Николай Дмитриевич Герасимов Полудень МТС-іне келді. Кәзір ол токарь болып істеп жүр. МТС партия ұйымының секретары Н. Шевляков жолдас Герасимов жолдаспен жиі әңгімелесіп, оның жұмысына көмектеседі.

СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) **Н. Герасимов** партия ұйымының секретары **Н. Шевляковка** сменасында кем дегенде 2 норма орындап, ақаусыз жұмыс істеп жүргендігін хабарлап тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

ЖАҢАШЫЛДАР

Анатолий Петров —Петропавлдың шағын двигательдер заводының жоғары мамандықтағы, жаңашыл токарьларының бірі. Ол Орта Волга станок жасау заводының токарі Василий Колесовтың металды қалың жону әдісін заводта алғашқылардың бірі болып қолданған токарь. Осының нәтижесінде ол детальдарды өңдеуде станоктың жылдамдығын арттырып, жоғары еңбек өнімділігін беруге жетісті.

Озат токарь металл кесудің жаңа әдістерін өз жұмысында шебер қолданып, металды шаншап кесуді қалың жонумен ұштастыра білді. Жаңа әдіспен жұмыс істеген токарь станокпен минутына 600 айналым жасап, кескіштің берілімін бір жарым миллиметрге дейін жеткізді. Сменада екі жарым, үш норма беру —токарьдың күнбе- күнгі көрсеткіші.

Токарьдың мұндай жоғары еңбек өнімділігін беруі — оның атқаратын іске творчестволықпен қарауының, әрқашан белгілігі бір детальды өңдеуді жылдамдатудың, оның технологиясын жетілдірудің жаңа жолдарын іздестіруінің нәтижесі. Осындай талаптанудың, ізденудің арқасында ол металды қалың жону үшін кескіштің жаңа түрін жасап шығарды. Сол сыяқты ол кескішті қайрауды да өзгертті

Петров кескішті таңдап алуға айырықша көңіл бөледі. Ол өңделетін металдың ыңғайына, қатты жұмсақтығына қарай кескішті де өзгертіп отырады. Әсресе, қатты детальдарды өңдейтін кезде қайрайтын бұрышы біржарым-екі градустағы қатты балқытылған металдан жасалған кескіштерді қолданады. Мұндай жаңа

қажетті басқа шараларды да мінсіз жүзеге асырып келеді. Петров өзі жұмыс істейтін станокты үнемі жоғары техникалық күтімде ұстайды да, оның қуатын тиімді пайдаланады. Ол өзінің жұмыс орнын әрқашан тәртіптен, жыйнақты ұстайды. Бүкіл смена бойы тоқтаусыз жұмыс істеуге қажетті құрал- жабдықтар мен бөлшектерді күнібұрын дайындап алу токарьдың дағдылы ісіне айналған.

Заводта жаңашылдар көп. Токарь Петровтың құрал- саймандар цехында жасалған жаңашыл ұсыныстарға қатыспаған күні жоқ деу асыра айтқандық болмас еді. Жуырда осындай өз ісінің шебері, жаңашыл токарьды завод басшылары құрал- саймандар цехының токарьлық участогінің мастері етіп тағайындады. Бұл оған еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңалық ұсыныстар енгізуіне тағы да қолайлы жағдай туғызды.

Бұрын заводта болттарға резьбалар орнататын роликтер Москва заводтарынан алынып келген еді. Бұл цехтың жұмысын қыйындатып жүрді. Ал, роликтер құрастыру цехы үшін өте қажет. Енді цех коллективі бұл бөлшекті өздерінің күшімен жергілікті жердің өзінде жасап шығарудың жолдарын іздестірді. Мұндай игілікті істі бастаушылар цех партия ұйымының секретары Василий Тимошенко, инженер Михаил Копылов пен мастер Анатолий Петров болды. Көп ұзамай-ақ цех инженері Копылов роликтер жасаудың жобасын жасады.

Енді роликтер заводтың цехының өзінде жасалатын болды. Жаңа жобаны

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Тұтынушылар тілегімен санаспайды

Николаевка селолық тұтынушылар қоғамы сауда жұмысын ойдағыдай ұйымдастыра алмай отыр. Қоғамның басшылары, оның председателі Байбосынов жолдас колхоз орталығындағы дүкендерге халықтан бірінші тұтыну табатын тауарлардың үнемі және жеткілікті түсіп тұруын қамтамасыз ете алмай келеді. Себебі, олар жергілікті жерде тұтынушылардың қажетін терең зерттеп біліп отырмайды.

Кәзіргі уақытта аталған селолық тұтынушылар қоғамы қамтыйтын үш колхоздың дүкендерінде көпшілік тұтынатын тауарлар мүлде жеткіліксіз. Ал, ересектер мен балалар аяқкиімдері, кондитер, балық тағамдары, чай және шам. керосин, ыдыс- аяқ сыяқты үй шаруашылығына қажетті тауарлар бұл колхоздардың дүкендерінде мүлдем жоқ. Амал не, бұл сыяқты төзгісіз жағдайға селолық тұтынушылар қоғамының басшылары ешбір қынжылар емес.

Селолық тұтынушылар қоғамында тауар айналымы жоспарының орындалуы да қанағаттанғысыз. Дүкендерде сауда жұмысының мәдениеті төмен. Сатушылар жиі- жиі ауыстырыла береді. Мәселен, осы селолық тұтынушылар қоғамы қамтайтын «Путь к коммунизму», Жданов атындағы колхоздардың дүкендерінде аз уақыт ішінде 4 сатушы ауыстырылды. Дүкеншілердің жиі- жиі ауыстырылуы аталған колхоздарда сауда жұмысының нашар жүргізілуіне, товар айналымы жоспарының орындалмауына әкелін соғуда.

Жданов атындағы колхозда дүкен үйі жоқ. Селолық тұтынушылар қоғамы бұл колхоз үшін жаңадан дүкен салу жөнінде жыл сайын қарар қабылдайды. Бірақ, ол жыл сайын жүзеге асырылмай қалады. Дүкен үйінің жоқтығы тауарлардың суға тиіп, шаң- тозаң басып, бүлінуіне әкелін соғып отыр.

Николаевка селолық тұтынушылар қоғамының басшылары сауда мәдениетін көтеріп, товар айналымын тездетуге бөгет болып отырған мұндай кемшіліктерді тез түзетіп, село тұтынушылары қажетінің мінсіз өтелуін қамтамасыз етулері керек.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Колхоз мәдениетіне көңіл бөлінсе екен

«Бостандық» колхозы Приишім ауданындағы ірі колхоздың бірі. Колхозда мыңнан астам колхозшы бар. Үстіміздегі жылы мұнда жетіжылдық мектеп ашылды.

Колхоз шаруашылығы да жылдан-жылға өсуде. Бірақ, колхоз басшылары колхозшылардың күн сайын өсіп отырған мәдени тілегін қанағаттандыру мәселесіне жеткілікті көңіл аудармай келеді. Колхозда клуб жоқ, ал, оқу үйі ауылдық Совет үйінің тар бөлмесіне орналасқан. Еңбекшілердің жұмыстан кейін шахмат,

жұмыс істемеді. Март, апрель айларында жаңа ұйымдасқан Булаев совхозына 200-ден астам комсомолцетер жұмысқа келді. Аудандық комсомол комитеті совхозда комсомол ұйымын ұйымдастырып, жастарды алғашқы күннен бастап қажырлы еңбекке жұмылдыруға тиіс еді. Бірақ, амал не, аудандық комитеттегілердің бірде- бірі бір ай бойы совхозға баруды қажет деп таппады. Осыдан кейін комсомолцетердің өз инициативасы бойынша жалпы жыйналыс өтіп, комсомол ұйымы құрылды. Ал, бұл жөнінде аудан-

молцетер мен жастарды СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысымен таныстыруды ұмыт қалдырғаң. Бұл колхозда соңғы екі жыл бойы жастар үшін арнаулы лекциялар мен баяндамалар ұйымдастырылмаған.

Одақтың ішкі жұмысын ұйымдастыруда да елеулі кемшіліктер бар. Бірқатар комсомол ұйымдары өздерінің жыйналысына ауылшаруашылығы жөніндегі мәселелерді сирек қояды. Комсомол ұйымдарының алдыңғы қатарлы село жастарының есебінен өсуі мүлдем қанағаттанғысыз.

аудандық комсомол комитеттерінің міндеті село комсомол ұйымдарына басшылықты жақсартып, олардың әрқайсысының ауылшаруашылық қызметкерлерінің алдында тұрған міндетті шешу . күресіне белсене қатысуына жетісу болып табылады. Комсомол ұйымдарына колхоз, совхоз, МТС партия ұйымдары үлкен көмек көрсетуге тиіс.

М. ЯКОВ,

ҚКП облыстық комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

не ол көп уақыт жұмыс істеуге жарайды.

Металды қалың жону кезінде Петров кескіште міндетті түрде мұқалған қыр жасайды. Ол өзінің көп жылғы токарьлық тәжрибесінде бұл қырдың көлемі кескіштің берілім көлемінен артық болуға тиіс екеніне көзі жетті. Егер кескіштің берілімі біржарым миллиметр болса, токарь мұқалған қырдың көлемін екі миллиметр етеді. Осы арқылы жаңашыл токарь заводта металды тез, қалың және таза жонуға жетісіп жүр.

Токарь еңбек өнімділігін арттыруға

ша роликтер жасау резьбалар өңдейтін станокпен жұмыс істеудің шебері, комсомолец Тимофей Ляшевке жүктелді. Алғашқы күні ол не бары бір-ақ ролик жасап шығарды. Ол станокте екі роликті гайкамен қысып, бірдей өңдеп шығаруды ойлап тапты. Сөйтіп, завод роликтерді өзінде көптеп жасап шығаруға мүмкіндік алды.

Қазір завод жаңашылдары еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға мүмкіндік беретін жаңа рационализаторлық ұсыныстар енгізу жолында жемісті еңбек етуде.

А. БАЛАХМЕТОВ.

САЯСИ БАЯНДАМАШЫЛАР ТОБЫ

Октябрь ауданында жаңа ұйымдастырылған Тимирязев атындағы совхоздың комсомол комитетінің жанынан саяси баяндамашылар тобы ұйымдастырылды. Оның құрамында мамандар, совхоздың директоры, партия ұйымының секретары Суканов және басқа жолдастар бар.

Бұл күндері саяси баяндамашылар совхоз механизаторлары арасында ауыл шаруашылығы жөнінде, халықаралық жағдай туралы және басқа тақырыптарда баяндамалар жасап жүр.

Мұндай баяндамашылар тобы ауданның Интернационал, Хрущев атындағы және басқа совхоздардан да ұйымдастырылып, олар механизаторлар арасында баяндамалар жасауға қызу кірісті.

ӨНІМДІ ЕҢБЕК ИЕЛЕРІ

Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін онан әрі арттыру жөніндегі игілікті бастамасын қызу қостаған қаладағы «Галантерейщик» кәсіпшілік артелінің жұмысшылары өнім шығаруды айдан- айға ұлғайтуда.

Астана кәсіпорындары коллективтерінің бастамасы бойынша жұмыс істеген артель мүшелері өндіріс мүмкіншіліктерін тиімді пайдалану, смена сайын жоғары көрсеткіштерге жетіп жүр. Өнім шығаруда чемодан жасайтын цехтың коллективі алдыңғы қатарда келеді.

М. НҰРЖАНОВ.

ларына мүмкіндік жоқ. Үстіміздегі жылы колхозшыларға тек бір-ақ рет кино көрсетілді.

Ж. ТӘШЕНОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

«ТЕКСЕРІЛМЕГЕН КЕМШІЛІК»

Редакцияға түскен «Тексерілмеген кемшілік» деген хабарда Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозының дүкен сатушысы Ысқақов жолдастың совет саудасын тұтынушылардың тілегіне сай жүргізбей келгендігі, көп реттерде келген заттарды тамыр -таныстарына беретіндігі, дүкенді уақытында ашпайтындығы айтылған болатын.

Ленин аудандық сауда бөлімінің меңгерушісі Бектұрғанов жолдас редакцияға, тілші хаты бойынша тексеріс жүргізгенде жоғарыда айтылған фактілер анықталғандығын, дүкен сатушысы Ысқақовқа қатты ескертілін, одан сауда жұмысын жолға қою талап етілгендігін хабарлады.

Коммунистер партиясы—ССРО халықтары достығының дем берушісі және ұйымдастырушысы

Біздің ұлы еліміз Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын салтанатпен және қуанышпен мерекелеуде. Тек украиндықтар мен орыстар ғана емес, сонымен бірге советтік көп ұлтты Отанымыздың барлық халықтары да бұл тарихи датаны ұлттық үлкен мереке ретінде атап өтуде.

Мұндағы бір атап өтетін елеулі нәрсе сол —біздің елімізде патша, помещиктер мен капиталистер үстемдік етіп отырған кезде, Украинаның Россиямен қайта қосылуының 100 жылдығын, 200 жылдығын немесе басқа датасын халық бұқарасының қатысуымен кеңінен атап өту жөнінде ешкім мәселе көтерген емес. Тек жаңа, советтік жағдайда ғана Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын ССРО-ның барлық халықтары үлкен саяси оқиға ретінде атап өтуде. Бұл—күннен күнге нығайып өтірған совет халықтары достығының айқын көрінісінің бірі.

ССРО халықтары достығының ұлы өмірлік күші мынада: бұл достық біздің еліміздің барлық ұлттары мен халықтарының түбірлі мүдделеріне сай келеді, ол марксизм- ленинизмнің мәңгі өшпес идеяларының жүзеге асырылуы, Коммунистік партияның лениндік-сталиндік ұлт саясатының салтанаты болып табылады. Коммунистер партиясы — бүкіл дүниежүзілік тарихта болып көрмеген халықтар достығының дем берушісі және ұйымдастырушысы. Ол өзінің қасиетті міндетін біздің социалистік көп ұлтты мемлекетіміздің қуаттылығы мен жеңілмейтіндігінің негізі, коммунистік құрылыстағы табыстардың кепілі —халықтар достығын бұдан былай да қажымай-талмай нығайтып отыру деп біледі.

* * *

Біздің еліміздің халықтарының мызғымас достығының тарихи терең тамырлары бар. Бұл достық орыс, украин, белорус жұмысшылары мен шаруаларының және басқа ұлттар еңбекшілерінің шетел басқыншыларына қарсы көптеген ғасырлар бойы бірлесіп жүргізген күресінде және бәріне ортақ ішкі жауларға — патшаға, помещиктерге, буржуазияларға қарсы күресте туды.

Орыс жұмысшы табының саяси күрестің аренасына шығуынан бастап біздің еліміздің барлық ұлттарының еңбекшілері помещиктік -капиталистік қанауды және ұлттық езгіні жою жолындағы күресте тарихта алғаш рет сенімді басшыға ие болды. Россия пролетариатының жауынгерлік маркстік партиясы, большевиктер партиясы өзінің өмір сүрген алғашқы күнінен бастап, ескі дүниеге, ұлттық езгінің, ұлттық қырқысудың және ұлттық бөлшектенудің дүниесіне қарсы күресті, жаңа дүние, қандай ұлт болса да бірін біреуінен артық санамайтын, адамды адам қанауы мүлдем болмайтын барлық ұлттар еңбекшілері бірлігінің дүниесі жолындағы күресті табандылықпен және дәйектілікпен өрістетті.

Біздің партиямыздың ұйымдастырушысы және көсемі Владимир Ильич Ленин маркстік ойдың тарихында алғаш рет ұлт мәселесі жөнінде революцияшыл пролетарлық партияның теориялық программасы мен саясатын жасап берді. Ол ұлт мәселесі— жұмысшы табының пролетариат диктатурасы жолындағы жалпы революциялық күресінің ажыратылмайтын құрамды бөлшегі екендігін дәлелдеп берді. В. И. Ленин ұлт мәселесін шешудің, қандай да болса ұлттық езгіні және ұлттардың теңсіздігін жоюдың жаңа, пролетарлық әдісін жасады.

Ұлт мәселесі жөніндегі лениндік программалық нұсқауларды орындай отырып, большевиктер партиясы көп жылдар бойы пролетарлық интернационализмнің жауынгерлік туы астына — ұлты мен нәсілінің айырмашылығына қарамастан еңбекшілер бірлігінің туы астында, Россияның барлық еңбекшілерін табандылықпен және дәйекті түрде топтастырып отырды. Ол барлық ұлттардың еңбекшілер бұқарасын ортақ жауларға — патшаға, помещиктер мен буржуазияға қарсы күресті, социализмнің жеңісі жолындағы күресті ынтымақтасып, бірлесіп жүргізу үшін дүние жүзінде ең революцияшыл орыс пролетариатының төңірегіне біріктірді.

Ұлт мәселесі жөніндегі барлық лениндік шығармалар, сол сыяқты, И. В. Сталиннің шығармалары және В. И. Лениннің басқа да шәкірттері мен серіктерінің шығармалары, Коммунистік партияның барлық қарарлары пролетарлық интернационализм рухына толы. «Езуші ұлттың позициясын алайық, — деп жазды В. И. Ленин 1914 жылы, — өзге халықтарды езіп отырған халық ерікті бола ала ма? Жоқ. Великорус халқының бостандық алу міндеті мұндай езушілікпен күресуді талап етеді» (Шығармалар, қазақ тілінде, 20 том, 425-бет).

Сонымен бірге В. И. Ленин езілген ұлттардың жұмысшыларын ұлт мәселесін шешуге жергілікті, тар шеңберлі ұлттық тұрғыдан қарамай, жалпыроссиялық және жалпы пролетарлық тұрғыдан қарауға шақырды. Орыс және украин жұмысшыларының іс бірлігінің қажеттігі туралы, елдің барлық ұлттар еңбекшілерін орыс пролетариатының төңірегіне топтастырудың қажеттігі туралы айта келіп, В. И. Ленин орыс және украин пролетарлары бірлесіп қыймыл жасағанда ғана ерікті Украинаның болуы ықтималы, ал мұндай бірлік болмайынша Украина туралы сөз болуы да мүмкін емес деп көрсетті.

Орыс пролетариатының демократия мен социализм жолындағы таптық күресінің бірлігін қорғап қалу, буржуазиялық ұлтшылдардың еңбекшілер бұқарасына ықпал жасауына үзілді-кесілді тойтарыс беру — міне, В. И. Ленин большевиктер партиясының алдына осындай аса жауапты міндет қойды. Партия бұл міндетті аброймен орындады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңу себептерінің бірі Россия пролетариатына тап шайқастарында сыналған және шыныққан коммунистер партиясы сияқты партия басшылық еткенінде болды. Өзінің дана көсемі В. И. Лениннің басшылығымен партия бейбітшілік жолындағы жалпы демократиялық қозғалысты, помещиктердің жерін тартып алу жолындағы шаруалардың демократиялық қозғалысын, езілген халықтардың ұлттық тең праволылығы жолындағы ұлт-азаттық қозғалысын және буржуазияның үстемдігін құлатып, пролетариат диктатурасын орнату жолындағы жұмысшы табының социалистік қозғалысын жалпы революциялық таскынға шеберлікпен ұштастыра білді. Осындай әртүрлі революциялық таскындардың бәрін революциялық жалпы бір таскынға ұштастыру біздің елімізде капиталистік құрылыстың тағдырын шешті.

* * *

Ленинизмнің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен жеңген Октябрь революциясы мықты бір соққымен әлеуметтік және ұлттық езгінің бұғауын бұзды, халықтардың достығы мен туысқандық ынтымағы үшін жол ашты. Бұл революция орыс жұмысшы табын тек Россиядағы ғана емес, сонымен бірге Европа мен Азиядағы басқа ұлттық бауырларының сеніміне бөледі.

«1917 жылғы октябрьде, —деді И. В. Сталин, Тәжікстан мен Түрменстанның алдыңғы қатарлы колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің кенесінде сөйлеген сөзінде, — біздің ұлы пролетарлық революция болып, біз патшаны, помещиктер мен капиталистерді құлаткан кезде, біздің ұстазымыз, біздің әкеміз, бізді тәрбиелеп өсірген ұлы Ленин, — бұдан былай үстем халықтар да, бағынулы халықтар да болмауға тиіс, халықтардың бәрі бір- бірімен тең, бәрі азат болуға тиіс деген еді. Сонымен ол ескі, патшалық, буржуазиялық саясатты мүлдем жоғалтып, жаңа, большевиктік саясатты —біздің еліміздің халықтары арасындағы достық саясатын, туысқандық саясатын жариялады».

Совет өкметінің өмір сүруінің алғашқы айтасының өзінде- ақ Халық Комиссарлары Советінің Председателі В. И. Ленин және ұлттар істері жөніндегі Халық Комиссары И. В. Сталин «Россия халықтары праволарының декларациясын» қол қойып, жариялады. Бұл тарихи декларацияда Совет үкметі жаңа, социалистік көп ұлтты мемлекет құру негізінде большевиктік партияның ұлттық программасына сәйкес, мынадай шарттар болатынын бүкіл дүние жүзіне жария етті: Россия халықтарының теңдігі мен суверендігі; жеке бөлінуге және дербес мемлекет құруға дейін халықтардың өзін өзі билеу правосы; барлық және әрқыйлы ұлттық және діни- ұлттық артықшылықтар мен шектеуішілықтарды жою; Россия жерін мекендеген аз ұлттардың еркін дамуы.

Коммунистер партиясы мен Совет өкметі жаңа ұлт саясатын салтанатты түрде жариялап қана қоймай, сонымен қатар азат халықтардың ерікті одағы негізінде көп ұлтты социалистік мемлекет құрудың лениндік программасын басшылыққа ала отырып, сол саясатты Октябрь төңкерісінен кейін бірден- ақ іс жүзіне асыра бастады. Коммунистік партияның көсемі және Совет үкметінің басшысы В. И. Ленин өзінің Деникинді жеңу жөнінде Украинаның жұмысшылары мен шаруаларына жазған хатында былай деді:

«Біз ұлттардың **ерікті** одағы болуын,— бір ұлттың екінші ұлтқа зорлық жасауына жол бермейтін одақ болуын, —толық сенімге, туысқандық бірлікті айқын түсінгендікке, толық ерікті ынтымаққа негізделген одақ болуын тілейміз».

1922 жылы Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы Россия Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы мен Советтік Украинаның, Советтік республикалардың, Закавказьелік федерациясы мен Советтік Белоруссияның азат халықтарының өз ықыласымен ерік білдіруінің бейнесі болды, бұл халықтар жаңа империалистік қоршаудың көз алдында өздерінің күштерін топтастырды және социализмнің жеңісі үшін өздерінің материалдық және рухани ресурстарын біріктірді. Қазіргі уақытта Советтік Социалистік Республикалар Одағы коммунизмді табыспен орнатып жатқан тең праволы он алты одақтық республиканы біріктіріп отыр.

ССРО-ның құрылуы кезінде ұлт мәселесінің мәні мынада болды: ол— кейбір ұлттардың бұрынғы, помещиктік-капиталистік құрылыстан қалған (экономикалық, саяси және мәдени) артта қалушылығын жою, сөйтіп олардың орталық Россияны шаруашылық, саяси және мәдениет жағынан қуып жетуіне мүмкіндік беру.

Туысқандық одақта ССРО-ның барлық халықтарының қуатты күш- жігері өрістей түсті. Лениндік-сталиндік ұлт саясатын дәйекті түрде жүзеге асырудың, елімізді индустрияландыруды және ауыл шаруашылығын коллективтендіруді жүргізудің нәтижесінде, ұлы орыс халқының және ССРО-ның басқа халықтарының көмегі арқасында барлық ұлт республикалары бұрынғы артта қалушылықты мүлдем жойып, гүлденген индустриялы- колхозды республикаларға айналды. Мысалы, қазақстанның халық шаруашылығындағы өнеркәсіптің үлес салмағы 1920 жылғы 6,3 процеттен соғыстан бұрынғы бесжылдықтар ішінде 60 процентке дейін көтерілді. Өзбекстанда өнеркәсін өнімін шығару 1924 жылдан 1953 жылға дейін 50 еседен артық өсті, электр қуатын өндіру —222 есе артты. Барлық советтік республикаларда дүние жүзіндегі ең озат социалистік ауыл шаруашылығы ойдағыдай өркендеуде, еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты үздіксіз өсуде, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет барған сайын гүлдене түсуде.

Социалистік құрылыстың процесінде әртүрлі ұлттардың еңбекшілер бұқарасы арасындағы өзара сенбеушілік сезімі жойылды, өзара достық сезімі өрістеді, біртұтас одақтық Совет мемлекетінің системасында халықтардың туысқандық ынты-

Егіннен мол өнім алу күресін күшейте берейік!

★ ☆ ☆

ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен Петропавл совхоздар тресінің ұсынуы бойынша дәнді дақылдар егуді қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары сапада өткізген мына озаттар облыстық **ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА** жазылсын.

ҰЗЫНКӨЛ СОВХОЗЫ (директоры Темірбеков, партия ұйымының секретары Грачев жолдастар);

ТОРАНҒҰЛ СОВХОЗЫ (директоры Сейтмуллин, партия ұйымының секретары Шевченко жолдастар);

ҚЫЗЫЛӘСКЕР СОВХОЗЫ (директоры Даулатов, партия ұйымының секретары Әділшин жолдастар);

ПРИЕШІМ СОВХОЗЫ (директоры Донченко, партия ұйымының секретары Бабаков жолдастар);

БУЛАЕВ СОВХОЗЫ (директоры Кержнер, партия ұйымының секретары Останин жолдастар);

ЖДАНОВ АТЫНДАҒЫ СОВХОЗ (директоры Николенко, партия ұйымының секретары Сергеев жолдастар);

МАЛЕНКОВ АТЫНДАҒЫ СОВХОЗ (директоры Лизунов, партия ұйымының секретары Крысанов жолдастар);

ЕШІМ СОВХОЗЫ (директоры Гайдуков, партия ұйымының секретары Цибин жолдастар);

ИНТЕРНАЦИОНАЛ СОВХОЗЫ (директоры Онуфриенко, партия ұйымының секретары Бозжанов жолдастар);

КИРОВ АТЫНДАҒЫ СОВХОЗ (директоры Дьяченко, партия ұйымының секретары Овчаренко жолдастар);

Петропавл ауданындағы **ПУШКИН АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ** (председателі Моисеев, партия ұйымының секретары Сазонов жолдастар).

КОЛХОЗ ЖҰМЫСЫНА КӨМЕКТЕСУДЕ

Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» ауылшаруашылық артелінің көктемгі дала жұмыстарына Социал ауылындағы активтері белсенділікпен көмектесуде. Олар ауылдық Совет председателі Қ. Кожахметов жолдастың басқаруымен күн сайын тұқым себуге көмектесін жүр.

Колхоз жұмысына көмектесуде, әсресе, оқу үйінің меңгерушісі Ө. Жұмалин, ауылдық Совет секретары Ж. Жүнісов, жетіжылдық мектептің оқытушылары М. Әбішов, Қ. Сейітқожин жолдастар қажырлылықпен еңбек етуде.

Ауыл активтерінің зор көмегі арқасында егіс және трактор бригадаларындағы колхозшылар мен механизаторлардың да белсенділігі арта түсті. Кәзір бұл бригадалар жұмысты ынтымақтаса істейді. Мұның өзі еңбек өнімділігін есепел арттыруға негізгі себеп болып отыр.

Оқу үйінің меңгерушісі Ө. Жұмалин, оқытушылар М. Әбішов, Қ. Сейітқожин жолдастар бригадаларда қабырға газеттерін шығарысуға, құрмет тақтасын толтыруға көмектеседі. Егіншілерге газет, журнал оқып береді. Елімізде болып жатқан жаңалықтарды айтады.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

Аудан егіс жоспарын орындады

Коммунистік партия мен Совет үкметі колхоздар мен МТС, совхоздардың алдына аса маңызды, бүкілхалықтық міндет — таяудағы 2—3 жылдың ішінде еліміздің халқының азық- түлік өнімдері жөнінде өсіп отырған тілектерін толық қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл міндеттің мүлтіксіз жүзеге асырылуына керекті жағдайлардың бәрін жасады. Атап айтқанда, колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды қуатты техникамен, механизатор кадрлармен, ауыл шаруашылығының мамандарымен, шаруашылыққа іскер басшылық ете алатын басшы кадрлармен нығайтты. Сонымен қатар, колхоз, совхоздарда осы уақытқа дейін тиімді пайдаланылмай келген үлкен резервтерді пайдаланудың жолдарын көрсетіп берді.

Біздің ауданның еңбекшілері партиямыз бен үкметіміздің осындай зор әкелік қамқорлығына сүйене отырып, бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі — астық шаруашылығын, оның ішінде бағалы азық -түліктік дақыл —бидайдың шығымдылығын арттыра беруді көзден. быйыл көктемгі егіске жақсы әзірлікпен келді. Сөйтіп, бұл науқанды агротехникалық қолайлы мерзімде, жоғары сапада өткізу жолындағы күресті барынша күшейтті. Олар табыстарға жете берудің жылғыдан едәуір ұлғайтты. Егістік жерлерді жыртуда, өңдеуде және оған тұқым себуде озат әдістер шебер қолданылды.

Калинин атындағы колхоз егіс жоспарын орындағаннан кейін егісті аяқтаушы шаруашылықтар саны күн сайын өсіп отырды. Сөйтіп, 25 майда аудан колхоздары мен совхоздарында дәнді дақылдарды себу жоспарының толық орындалуы қамтамасыз етілді.

Аудан еңбекшілерінің астық өндіруді арттыру жолындағы қажырлы еңбектерінің бұл сыяқты зор табыстарға жетуі, алдымен, аудан партия ұйымдарының колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшыларын бастап, оларды ауыл шаруашылығын мықтап өркендету жолындағы күреске ынталандырудағы ұйымдастырушылық жұмыстарының нәтижесі болып табылады. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес аудандық партия комитетінің құрылымын әрбір МТС-те секретарь бастаған бір топ қызметкерлер болатын етіп қайта құруымыз колхоздардың, МТС-тердің партия ұйымдарын нығайта түсуге, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуде, олардың ролін күшейтуге қолайлы жағдай жасады.

Көктемгі егіс кезінде колхоз, совхоз егіншілерінің арасында 500-ден астам үгітшілер жұмыс істеді. Олардың көпшілігі егіс далаларындағы еңбекке тікелей зіп, олардың жұмысына бағыт беріп отырды. Үгітшілердің егіншілермен өткізген әрбір әңгімелері жергілікті жағдаймен, жұмыстың барысымен тығыз байланыстырылды. Іс үстінде кездескен кемшіліктер шұғыл сынға алынып, дереу жойылып отырды. Қабырға газеттері, «Жауынгерлік листоктар» белгіленген уақытта үзбей шығарылды. Оларда озат егіншілердің іс тәжрибелері кеңінен насихаттанды, кемшіліктер батыл ашылып, қатты сынға алынды. Кейбір үгітшілер өткізген әңгімелерде сменалық тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындап жүрген механизаторлардың істегі тәжрибесін қысқаша өздері айтып беруін ұйымдастырды.

Быйылғы көктемде колхоз басшылары трактор және егіс бригадаларын мәдениетрмыс жағынан қамту ісін дұрыс жолға қойды. Олар үшін жаңа тұрғын вагоншалар көптеп әзірленді. Егіншілердің үнемі ыстық тамақ ішіп тұруы қамтамасыз етілді. Сол сыяқты, вагоншалар портреттермен, плакаттармен, ұрандармен безендірілді. Бригада қостарында кітапханалар ұйымдастырылды. Газет, журналдар үнемі жеткізіліп отырылды. Радиоқабылдағыштар, музыка, түрлі ойын аспаптары жеткілікті мөлшерде болды.

Біз кәзір астық өндірісін арттыру міндетін жүзеге асырудың алғашқы ғана [illegible] Тумаудан қалғанда

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Совхоздардың мал шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жетейік

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысында елімізде, оның ішінде совхоздарда мал шаруашылығын өркендету ісінің мемлекеттік маңызы зор екендігі атап көрсетілді. Демек, партиямыз бен үкметімізі совхоздардың алдына барлық қара малдың 40 проценті сауын сиырлар болу және әрбір сиырдан орта есеппен 3 мың килограмнан сүт алу міндетін қойды. Облыс совхоздарында сауын сиырлардың санын көбейтуге, олардан алынатын сүт мөлшерін молайтуға қажетті күш -мүмкіншіліктердің барлығы да бар.

Облыс совхоздары бойынша майдың 15 не дейін мемлекетке сүт тапсырудың 5 айлық тапсырмасы 88,5 процент орындалды. Быйыл осы мерзімде өткен жылғыдан мемлекетке сүт екі есе артық тапсырылды. Үстіміздегі жылдың алғашқы төрт айында совхоздарда әрбір сиырдан орта есеппен 628 килограмнан сүт алынды. Бұл өткен жылғыдан 265 килограмм артық. Мемлекетке ет есебіне тапсырылған шошқалардың орта салмағы 166 килограмға жеткізілді.

Көп совхоздарда мал шаруашылығын өркендетудің ең шешуші кезеңі —мал қыстату табысты аяқталды. Төл алу маусымы ұйымшылдықпен өтуде. Кәзірдің өзінде Возвышин, Ұзынкөл, Чистов, Киров атындағы, Совет, Қыялы және Преснов совхоздарында қозы алудың тағайындалған жоспары артығымен орындалды.

Мал қыстату маусымының табысты аяқталуы қойлардың қоңды болуына, олардан алынатын жүннің өткен жылғыдан едәуір мөлшерде көп болуына мүмкіндік туғызғалы отыр.

Мал шаруашылығының өнімін арттыруда Явленко және Торанғұл совхоздарының коллективтері бірқатар жұмыстар істеді. Бұл екі шаруашылықта быйылғы жылға дейін сиырлар сауылмайтын, бұзаулар енелерімен бірге, еміп жүретін. Үстіміздегі жылдан бастан аталған совхоздарда сиырларды сауу жұмысы ұйымдастырылып, бұзаулар қолдан азықтандырылды. Осының нәтижесінде бұл екі совхоз үстіміздегі жылдың төрт айында мемлекетке 2400 центнер сүт тапсырды. Ал, бұзаулардың тәуліктік өсу салмағы өткен жылдардағыдан кемігеи емес. Осы сыяқты облыс совхоздарының барлығында да сиырлардан алынған сүт өткен жылдан быйыл әлде қайда артық болып отыр.

Сиырлардың сүттілігін арттыруда әсресе, Мамлют, Тоқшын, Чистов, Преснов совхоздарының коллективтері зор табыстарға ие болды. Мамлют совхозында әрбір сауын сиырдан төрт айда 1188 килограмм, Тоқшын совхозында 993 килограмнан сүт алынды.

Жекелеген сауыншылар бұдан да жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Мәселен, Мамлют асыл тұқымды мал совхозының сауыншысы Пюиненен жолдас қарауындағы әрбір сиырдан орта есеппен 1781 килограмнан сүт алса, осы совхоздың сауыншысы Дик 1718 килограмнан сүт алды. Кәзіргі уақытта алдыңғы қатарлы сауыншылардың саны облысымызда көптеп саналады.

Осының барлығы совхоздарда мал шаруашылығының өнімін арттыруға қажетті жағдайлардың барлығы бар екенін толық дәлелдейді. Аталған совхоздар мен жекелеген мал өсірушілер мұндай табыстарға сиырларды зоотехникалық- малдәрігерлік ережелерге сәйкес күтіп азықтандыру, совхоздарда өнімді мол беретін сиырларды көптеп өсіру арқылы ғана жетісті.

Алайда, бұл фактілерден совхоздарда кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Облыс совхоздарының көпшілігі әлі де болса шаруашылықтың рентабельді жұмыс істеуіне жетісе алмай келеді. Бұған алдымен мал шаруашылығының шын мәнінде өркендемей келе жатқаны дәлел.

Совхоздарда мал саны мен малдан алынатын өнімнің аз болуына ең негізгі себеп — мал азығының берік базасының жасалмауы. Әлі күнге дейін бір катар совхоздардың басшылары қысқы маусымға мал азығын дайындау ісіне жете маңыз бермейді. Мал қораларын салу жұмысын қанағаттанғысыз жүргізеді. Сауын сиырларды асыл тұқымды бұқалармен, саулықтарды элитті қошқарлармен шағылыстыру ісіне көңіл бөлмейді. Бұл жөнінде бірнеше фактілер келтірейік.

Өткен мал қыстату кезінде Приешім совхозы көп қыйыншылықтарға кездесті. Оған мал азығының жеткіліксіз дайындалғандығы, мал күтуде зоотехникалық-малдәрігерлік ережелердің мұқият жүзеге асырылмауы себеп болды. Бұл совхоздың басшылары жайбарақаттыққа салынып, мал азығын дайындау мәселесіне жете назар аудармады. Қыстың күні совхозда қойдың індетіне жол берілді. Мал мамандары таранынан бұған қарсы күрес кезінде жүргізілмеді. Осы себепті бұл совхозда бірсыпыра қой шығынға ұшырады.

Жағдай Октябрь совхозында да осындай болды деуіміз керек. Совхоз директоры Вапилов және аға зоотехник Иванова жолдастар мал шаруашылығын шын мәнінде өркендетудің нақтылы шараларын осы уақытқа дейін жүзеге асырмай келеді. Олар малды көптеп өсіру, оның өнімін арттыру ісінің маңызы ерекше зор екенін біле тұра, бұл іске елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Буденный атындағы совхоздың директоры Гумысев және аға зоотехнигі Светков жолдастар қыс басында мал қыстатуды үлгілі өткіземіз деп талай рет мәлімдеген болатын. Бірақ олардың сөздеріне істері сай болмады. Қыстың аяқ кезінде мал азығының тапшылығынан, әсресе, бұзаулар шығын болды.

Мал шаруашылығы өнімділігін арттыруда да елеулі кемшіліктерге жол беріліп келеді. Октябрь, Степной және Петропавл совхоздарында сиырлардың сүттілігін арттыру жөніндегі тапсырмалар айдап айға орындалмайды. Бұл кемшілікті сиырлардың құнарлы азықтармен азықтандырылмауынан, мал күтуде зоотехникалық- малдәрігерлік ережелердің өрескел бұрмалануынан деуге болады. Алайда, аталған совхоздардың басшылары осы уақытқа дейін сиырлардың сүттілігін арттыру міндетін шеше алмай келеді. Шынында бұған совхоздарда қажетті жағдайлардың барлығы да бар. Мәселе олардың бұл іске жете назар аудармауларында болып отыр.

Кәзіргі уақытта совхоздардың қайсысында болсын мал азығының берік базасын жасауға қажетті күш- мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Совхоздарда табиғи шабындықтар жеткілікті. Мұнымен бірге мал азығындық дақылдар егісінің көлемі жылдан жылға ұлғая түсуде.

Соңғы жылдары совхоздарға стандартты мал қораларын салу үшін көптеген құрылыс материалдары берілуде. Бірақ, совхоз басшылары жаңадан мал қораларын салу жұмысын шын мәнінде ұйымдастыра алмай келеді. Міндет— мал қораларын салу жұмысын тездету, ол үшін әрбір совхозда, фермада құрылыс бригадаларының ұйымдастырылуына, ол бригадалардың өнімді жұмыс істеуіне жетісу.

Облысымызда жаңадан 12 совхоз ұйымдастырылды. Бұл совхоздарға бөлінген жер байлығын пайдалану үшін оларда малдардың көптеп болуын қамтамасыз ету керек. Бірқатар совхоздардың басшылары жаңа совхоздарға қарамай беру ісін кешеуілдетуде. Облыс совхоздарында мал өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік жоспарды мерзімінде толық орындап шығуға мүмкіншілік бар. Сондықтан совхоз басшылары, совхоздардың партия ұйымдары мал өсірушілердің жұмысымен күнбе -күн шұғылданып, өнімді еңбек етуіне жетісумен бірге олардың өзара социалистік жарыста алған міндеттемелерін сөзсіз орындауларын қадағалап отырулары керек. Сонда ғана мал өсіруде жаңа табыстарға жетуге болады.

С. СУТЮШЕВ,
облыстық совхоздар тресінің бас зоотехнигі.

Мал жайылымын жақсарту

Шөп шабуға әзірлік

дің қолғаушы күші болып танылуға социалистік жарысты мейлінше кеңінен өрістетті. Мұның өзі колхоз, совхоздардың егіс далаларында сменалық, тәуліктік, бескүндік тапсырмаларды толық және асыра орындаушылардың санының күн сайын өсін отыруына жағдай жасады.)

Осының нәтижесінде аудан колхоздары мен совхоздары дәнді дақылдар егудің мемлекеттік жоспарын толық орындап шықты.

Егіншілердің социалистік жарысында үнемі алда келе жатқан Калинин атындағы колхоздың (председателі Малышев, бастауыш партия ұйымының секретары Курбацкий жолдастар) мүшелері мен осы колхозда жұмыс істейтін Калинин атындағы МТС -тің механизаторлары дәнді, майлы және техникалық дақылдар себудің жоспарын ауданда ең бірінші болып 18 майда орындады. Олар егіске көптен пайдаланылмай жатқан 728 гектар тың және тыңайған жерлерді игеріп, оған жаздық бидай егумен егіс көлемін өткенмен салыстырғанда колхозшылар мен механизаторлар және ауыл шаруашылығының мамандары. Егіншілер егіншілерді тек жалпы үгітімен ғана емес, сонымен бірге, қажырлы және үлгілі еңбектерімен де жұмысқа ынталандырып отырды. Мәселен, Калинин атындағы колхозда жұмыс істейтін үгітші трактершы Анпилогов, Машинистов жолдастар трактор бригадасында үгіт -бұқаралық жұмыстарды үнемі кеңінен өрістетіп, озаттар тәжрибесін насихаттаумен бірге, өздері сменалық тапсырмаларын күн сайын 120-130 проценттен орындап отырды. Үгітші коммунист Бориско «Победа» колхозында «ДТ—54» тракторымен смена сайын 100-115 гектар алаңға тұқым септі. Трактор бригадаларының бригадирлері Бояков, Пистон, Суйіндіков, агроном Талабер жолдастар да өздерінің міндеттерін жақсы атқарумен бірге, бригадаларда социалистік жарысты ұйымдастыра білді.

Бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары үгітшілермен жиі әңгіме өткізіп, еңбектің нәтижелі болуы үшін әлі де көп жұмыстар істеуіміз керек. Алдымен, егісті жазда күтіп баптау, оның өнімін жыйнауға барлық жағынан толық әзірлену—міне, бұлар біздің кәзірден бастап колға алатын аса маңызды міндеттеріміздің бірі.

Сондықтан да аудан партия ұйымдары келесі жылдың егістері үшін пар жырту, малға пішен дайындау жұмыстарымен қатар егісті күтуді, оның өнімін жыйнауға әзірлік жасауды ойдағыдай ұйымдастырулары керек. Біз бұл шаруашылық міндеттерді орындау жолындағы күреске аудан еңбекшілерін бұрынғыдан да белсендіре жұмылдыру үшін партиялық саяси, үгіт -бұқаралық жұмыстарды жақсарта береміз. Сөйтіп, үстіміздегі жылы елімізге ауылшаруашылық өнімдерін көптеп беруге жетісеміз.

В. КУРЛОВ,
ҚКП Булаев аудандық комитетінің секретары.

мағы нығайды. Коммунистік партияның басшылығымен жұмысшы табының, шаруалардың еңбекшілер бұқарасымен одақтасып жасаған ұлы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерінің барысында ұлттар мен халықтардың бейнесі де түбірімен өзгерді. Совет Одағында дүние жүзінде тұңғыш рет жаңа, социалистік ұлттар қалыптасып, нығайды, бұлардың ескі, буржуазиялық ұлттардан түбірлі айырмашылығы бар.

Буржуазиялық ұлттардың экономикалық негізі өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті болып табылды, бұл адамдарды бірінен бірін бөлшектейді, адамды адамның қанауын тудырады; ал бұған қарама-қарсы социалистік ұлттардың экономикалық негізі өндіріс құрал- жабдықтарына қоғамдық меншік болып табылады, бұл адамдардың бірімен бірін жақындата түседі, әлеуметтік және ұлттық езгінің болуына жол бермейді.

Өзара бітіспейтін тап қайшылықтары ірітіп-шірітіп жатқан буржуазиялық ұлттарға қарама-қарсы социалистік ұлттарда таптық шайқастар болмайды және олар жұмысшылардың, шаруалар мен интеллигенцияның достық ынтымағы негізінде өркендеуде. Барлық совет адамдары — Совет Одағының әртүрлі ұлттарының өкілдері —коммунистік қоғам құрылысшыларының біртұтас, достық коллективіне топтасқан.

* * *

Коммунистер партиясының еркімен, біздің еліміздің халықтарының ерлік күшжігерімен құрылған, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік көпұлттық мемлекет троцкийшілдерге, бухариншілдерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға және совет құрылысының басқа да жауларына қарсы жүргізген мейрімсіз күресте өркендеді және нығайды.

Троцкийшілдер мен бухариншілдерді талқандамайынша, Коммунистік партия, совет адамдары социалистік қоғам орнатуға қажетті шарттарды дайындай алмайтындығын тарих даусыз дәлелдеп берді. Сондай-ақ тарих мынаны да көрсетіп отыр: барлық және әралуан кескінді ұлтшыл-уклонистерді талқандамайынша коммунистер партиясы біздің еліміздегі әртүрлі ұлттар еңбекшілерін пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелей алмаған болар еді, ССРО халықтары ұлы достығының туын қорғап қала алмас еді, қуатты көп ұлтты мемлекет — Советтік Социалистік Республикалар Одағын құра алмас еді.

Буржуазиялық ұлтшылдықты талқандап, Коммунистік партия біздің Отанымыздың барлық халықтарын туысқандық семьяға топтастырды, оларды жалпы халықтық, жалпы мемлекеттік мүдделерді сезу рухында тәрбиеледі, көп ұлтты социалистік мемлекеттің системасында совет ұлттары мен халықтарының достық ынтымағы мен өзара көмегін жолға салды. Барлық ұлттардың жұмысшылары, шаруалары, интеллигенциясы тек өзінің одақтық немесе автономиялық республикасының мүддесін ғана емес, сонымен қатар Совет Одағының барлық халықтарының түбірлі мүддесін де ойлайды.

«Иін тіресін шынтақтасу сезімі» біздің жердің алдыңғы қатарлы адамдарында өте күшті, — деп жазды белгілі украин ақыны Максим Рыльский, —негұрлым кең көлемде айтқанда бұл — халықтар достығы деп аталады.

Халықтар достығы біздің Ұлы Отан соғысындағы жеңісіміздің ең сенімді кепілдерінің бірі болды. Орыстар, украиндықтар, белорустар, грузиндер, армяндар, әзербайжандар, өзбектер, тәжіктер, қазақтар, башқұрттар Москваны қорғады, Ленинград, Сталинград, Киев, Минск, Севастополь, Одесса үшін күресті. . .

Ұрыс далаларында да, еңбек майданында да —әркашан бірге болу —міне, көп ұлтты және біртұтас совет халқының ұраны осы». («Правда», 1953 жыл, 7 ноябрь).

Коммунистік партия шыныктырған ССРО халықтарының мызғымас достығы фашистік агрессорларға қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысының жылдарындағы аса қиын сындарға төтеп берді және кәзір коммунистік құрылыстың барлық участоктерінде жаңа игілікті нәтижелер беруде.

ССРО халықтарының достығын барынша нығайтып, советтік патриотизмді өрістете отырып, коммунистер партиясы социалистік интернационализмнің принциптерінен, лениндік-сталиндік ұлт саясатынан, Совет Одағы халықтарының достығы мен өзара туысқандық көмегі саясатынан қандай да болса ауытқушыларға қарсы мейірімсіз күрес жүргізуде. Шетел империалистерінің тапсыруы бойынша советтік ұлт саясатын бұрмалаушыларға қарсы күрес жүргізу деген желеумен біздің еліміздегі ұлтаралық алауыздық туғызуға, буржуазиялық ұлтшылдардың позициясын күшейтуге әрекеттенген авантюристерді, мансапқорларды Коммунистік партия әшкерелеп отырды. Біздің мемлекетімізді орнатушы В. И. Ленинның өсиеттерін қасиеттеп ұрындай отырып, коммунистер партиясы ССРО халықтарының достығын сақтап келеді және бұдан былай да көздің қарашығындай сақтайды, советтік көп ұлтты мемлекетті нығайтып келді және бұдан былай да нығайта береді.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының күші оның жаңа, социалистік ұлттардың мызғымас ынтымағын бейнелейтіндігінде болып отыр. Ұлттардың бұл ұлы ынтымағы — тең праволылық пен халықтар достығының азат, советтік идеологиясының туы астында, марксизм-ленинизмнің жеңімпаз туы астында өрістеп, нығайып келеді.

Ұлы достықпен бірлескен және советтік патриотизмнің жеңімпаз идеяларымен рухтанған Совет Одағы халықтарының күші ұшан-теңіз. Барлық социалистік ұлттар мен халықтар барлық туысқан одақтас және автономиялы республикалардың экономикалық, саяси және мәдениет жағынан гүлденуіне әбден мүдделі. Партияның XIX съезінің және СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль -март Пленумдарының тарихи қарарларында белгіленген коммунистік құрылыстың ұлы программасы біздің көп ұлтты ұлы Отанымыздың барлық еңбекшілері үшін жақын және төл іс болып отыр. Совет қоғамының коммунизмге қарай үздіксіз алға басуын тоқтата алатын күш дүние жүзінде жоқ.

И. ВЕРХОВЦЕВ.

ҮШІН

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумының тарихи қаулысын жүзеге асыра отырып, облыс колхоздарының колхозшылары қоғамдық мал басын көбейту және өнімділігін арттыру үшін күресуде. Осы мақсатпен олар кең, жарық жылы мал қораларын салуда, берік мал азығы базасын жасауда. Шабындықтар мен жайылымдықтарды жақсарту жұмыстары кеңінен өрістетілуде. Бұл жұмысты Соколов ауданындағы «Путь Ильича», Молотов атындағы, Буденный атындағы және «Путь коммунизма» колхоздары облыста бірінші болып қолға алды. Налобин МТС- нің күшімен 300 гектар шабындық және жайылымдық жер тырмаланды және дискеленді. Сол сияқты жергілікті және минералдық тыңайтқыштармен тыңайтылды. Жайылымдар мен шабындықтарды көктемде күту жұмыстарын Мамлют, Конюхов, Ленин аудандарының колхоздары да аяқтауға жуық. 100 мың гектар жайылымдар мен шабындықтарды тырмалау және дискелеу қарастырылған.

А. ҚАСЕНОВ.

Малшылардың міндеттемелері

Октябрь ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері Рогачев және Ивахтенко жолдастар қоғамдық малды күту, оның тәуліктік салмағын арттыру жолында еңбек етуде.

Өткен жылы озат малшылар өздеріне бекітіліп берілген 280 малдың тәуліктік салмағын белгіленген нормадан арттырып, олардың қысқы маусымға дейін қоңды болуына жетіскен еді. Соның нәтижесінде қыс бойы малдардың бірде- біреуі шығынға ұшыраған жоқ.

Кәзір Рогачев пен Ивахтенко жолдастарға 300-ге жуық колхоз малы бекітіліп берілді. Олар өзара социалистік жарысқа түсіп, күн сайын малдың тәуліктік салмағын арттыруға жетісіп жүр.

А. СҰРАҒАНОВ,
Торанғұл МТС- нің участоктік зоотехнигі.

Колхоз шопандары

Преснов ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың басқармасы колхоз қойларын бағып күтуді ерлі -зайыпты Бекім және Нұрзипа Сарбаевтарға сеніп тапсырған болатын. Олар бұл сенімді ақтау жолында қысы-жаз аянбай еңбек етіп келеді.

Қойлардың қоңын арттыру, қозы алу және алынған қозыларды шығынсыз өсіру, қойларды қыстан шығынсыз алып шығу үшін күш жұмсай отырып, колхоз шопандары өткен жылы 700-ге жуық еңбек тапқан- ды.

Кәзір ерлі- зайыпты Сарбаевтар жас қозылар мен қойларды шығынға ұшыратпай, аман сақтап, қоңдылығын арттыру, қойлардан жоғары сапалы жүннің көп қырқылуын қамтамасыз ету үшін күресуде.

М. КАМЕНОВ.

Өткен жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының (Совет ауданы) колхозшылары пішен жыйнауға әзірлікті деркезінде жүргізді. Мұнда пішен жыйнау науқаны басталғанға дейін шөп шабатын, оны жыйнайтын машиналар, сондай-ақ, шөп тасыйтын арбалар, жегу әйелдері жөндеуден сапалы өткізілді. Сөйтіп, шөп шабу, оны жыйнау жұмыстары ұйымдасқан түрде басталып, нәтижелі аяқталды.

Колхозда пішен жыйнау науқаны басталғаннан аяқталғанға дейін 7 шөп машинасы тоқтаусыз жүргізілді. Өйткені оларда машинаның техникасын жақсы меңгерген адамдар жұмыс істеді. Машинистер машиналарды техникалық жақсы күтімде ұстап, олардың қуатын іске сарқа пайдалана білді. Соның нәтижесінде қоғамдық мал жемшөппен қамтамасыз етіліп, қыстан күйлі шықты. Шөптің көп дайындалғаны сонша, екі фермада алдағы қыска 250 центнерден шөп қалды.

Малдың қыстан күйлі, аман шығуы мал қыстатуға әзірліктің үлгілі жасалуына байланысты екенін жақсы түсінген колхозшылар быйыл да пішен жыйнау науқанына әзірлікті қолға ерте алып отыр. Быйыл колхоз 400 тоннадан астам шөп шауып, жыйнауға тиіс. Осыншалықты шөпті кезінде шауып, жыйнап алу үшін 9 шөп машинасының жұмыс істеуі керек. Бұл машиналар колхозда бар.

Колхозды Сартомар МТС-і қамтиды. МТС колхозға екі кең алымды шөп машинасын бөлді. Оның үстіне колхозда 7 шөп машинасы бар. Егер бұл техникалардың қуаты өткен жылғыдай тиімді пайдаланылса, онда сөз жоқ қоғамдық малды бұрынғысынша жемшөппен толық қамтамасыз етуге болады.

Пішен жыйнауға әзірлікке, шөп машиналарын жөндеуге бірінші болып кіріскен № 1 бригаданың ұсталары. Олар соңғы аз күндердің ішінде шөп шабуға, жыйнауға, үюге керекті көп саймандарды жөнден шығарды. Жақында шөп машиналарын жөндеуге кіріседі.

Бұл колхоздағы елеулі кемшіліктің бірі қоғамдық малдың жайлы қорамен қамтамасыз етілмей келгендігі болатын. Өткен жылы сауын сыйырлар мен бұзауларға деп екі стандартты қораның іргесі қаланған-ды. Құрылысшылар быйыл бұл екі қораның да құрылысын толық аяқтап, оны пайдалануға беруді ұйғарып отыр. Бұл үшін олардың мүмкіншілігі де бар.

Колхозда үш ферма бар. Ферма меңгерушілері шөп шабуға әзірлік және қора салу жұмыстарын өздері ұйымдастырып, басқарып жүр. Бұлардың мақсаты өздері басқарып отырған фермаларды колхоздың табысты шаруашылығына айналдыру.

—Өткен қыста,— дейді колхоз председателінің орынбасары Ә. Аубакіров жолдас, —бізде жемшөп көп болды. Соның арқасында малымыз қыстан жүдемей шықты. Сауын сыйырлардан алынған сүт өткен жылғыдан әлде қайда көп болды. Быйыл да осы сияқты табысқа жету үшін қолда бар мүмкіншілікті пайдаланамыз.

Ғ. НҰРОВ.

Қой қырку механикаландырылуда

Малшылар үшін қызу кезең —қой қырку маусымы жақындап қалды. Облыс колхозшылары мен механизаторлары қой қырку маусымын барлық жағынан жақсы әзірлікпен қарсы алғалы отыр. Мамлют ауданындағы Интернационал және Вильямс атындағы МТС-тер бұл маусымға әзірлікті бірінші болып аяқтады. Әсресе, қой қыркушылар мен агрегат басшыларын оқытуға ерекше көңіл бөлінді. Олардың барлығы да арнаулы курстарда оқып шықты. Қой қырқатын электр аппараттарын пайдалануда тәжрибесі бар механизаторлар өздерінің жұмыс тәжрибесі жөнінде жастарға лекция оқыды.

МТС- тердің қамтуындағы колхоздарда қой қырқатын алаңдар жақсы жабдықталды. Онда шамдар орнатылып, қырқылған жүнді буып, түю үшін қажетті материалдар дайындап алынды, шикізатты тасымалдау үшін транспорт бөлінді. Қырку алдында қойды жуу үшін ванна орнатылды. 19 мың бас қойды 5 күн ішінде қырқып болу қарастырылды.

Преснов ауданындағы Майбалық, Ленин ауданындағы Образцовой және басқа да бірнеше МТС- тер қой қыркуға қызу әзірлікпен кіріскелі отыр. Үстіміздегі жылы қой қырку жұмыстары толық механикаландырылады.

Б. ЖЫЛҚЫБАЕВ.

Көрмеге кандидат

Ескендір Темірбаев Совет ауданы, «Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артелінде бірнеше жылдан бері малшы. Озат малшы өзіне бекітіліп берілген бойдақ малдардың қысқы маусымға дейін қоңды болуына жете назар аударып отырады. Өткен екі жылдың ішінде 100 бас малды шығынсыз және тәуліктік салмағын арттырып өсіріп шығарды.

Осы колхоздың мал фермасының бұзау күтушісі Дарья Журавлева жолдас та жақтөлге ұқыпты қарайды. Үстіміздегі жылы озат бұзау күтушіге 45 бұзау бекітіліп берілді. Олар кәзір қоңды әрі шығынсыз өсіріліп келеді.

Темірбаев, Журавлева жолдастардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудегі табысты еңбектері үшін еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі оларды Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат етіп бекітті.

С. ХАМЗИН.

Петропавлдың «Энергия» стадионына жастар күн сайын кешке қарай жыйналып, спорт жөніндегі шеберліктерін жетілдіруде. Кәзір футбол және волейбол командаларының арасында қызу жарыстар жүргізілуде.
СУРЕТТЕ: «Энергия» стадионында бос уақыттарында жастардың волейбол ойнап жүрген кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Пионерлер үйі жазғы демалыс қарсаңында

Коммунистік партия мен Совет Үкметі жас ұрпақтарға аса зор қамқорлық жасап, оларды шат тұрмысқа бөлеп отыр. Пионерлер осы қамқорлықтың арқасында жыл сайын табиғи көркем жерлерге орналасқан лагерьлер мен санаторийлерде дем алады. Сан мыңдаған балалар пионер лагерьлерінде тынығады, туған өлкелеріне саяхат жасайды, спортпен шұғылданады.

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруда пионер үйлерінің ролі зор. Пионер үйі демалыс күндерінде балалардың мәдениетті тынығып, уақытты дұрыс пайдалануын ұйымдастыруы керек. Быйылғы жылы қаладағы мектептер оқушыларына арналып, «Алтын күз», «Борки», «Пестрое», «Вороний остров» және балалар паркінде лагерьлер ашылады.

Қаладағы пионер үйі ҚЛКЖО қалалық комитетімен бірлесе отырып, оқушылардың жазғы демалысын ойдағыдай өткізу үшін бірсыпыра шаралар белгіледі. Мұнда қызмет істейтін адамдар педагог кадрларымен және пионер вожатыйларымен толықтырылды. Балаларды мәдениетті қамту үшін пионер сарайлары, клубтар мен лагерьлер, парктер мен стадиондар дайындалуда. Пионерлер үйі оқушылардың жазғы демалыс күндерін қалай өткізу керектігі туралы жұмыс жоспарын жасады. Бұл жоспар қаладағы аға пионер вожатыйлары мен пионер лагері қызметкерлерінің арасында талқыланды.

Пионер үйі өзінің жазғы жұмысын қаладағы балалар бақшасына көшірді. Мұнда жаз айларында қалада болатын пионерлер мен оқушылар дем алады. Балалар бақшасында түрлі үйірмелер, спорт секциялары, көркемөнершілер үйірмелері жұмыс істейді. Жазғы демалыс кезінде пионерлер мен оқушылар ұйымдасқан түрде жақын колхоздарға барып, ауыл шаруашылығымен танысады. Олар тың және тыңайған жерлерді игеруге өз тілектерімен келген алдыңғы қатарлы патриот- комсомолдармен кездесу өткізеді. Сонымен бірге, пионерлер мен оқушылар өз күштерімен жақын жердегі колхоздарға концерт қойып береді.

Балалар орыстың ұлы композиторы П. И. Чайковский туралы лекция-концерт дайындауда. Сонымен қатар, пионерлер үйі «Бесінші бесжылдықтағы Советтік Қазақстан» деген тақырыпта балалар шығармаларына конкурс жарияламақшы.

Быйылғы жаз айларында көптеген пионерлер мен оқушылар туған өлкеге саяхат жасайды. Олар саяхат кезінде жәндіктерден коллекциялар, түрлі өсімдіктерден гербарий жыйнап, биология кабинеттеріне көрнекі құралдар әзірлейді. Июль айының аяқ кезінде жас саяхатшылардың слеті болады. Осы слетте пионерлер мен оқушылар жазғы демалыс маусымы кезінде туған өлкеге жасаған саяхаттарына қорытынды жасап, ондағы алған әсерлерін айтып, пікір алысады.

Г. КӨРПЕШОВА.

Омарта шаруашылығынан кіріс

Сұлтан Қарыпов жолдастың «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында омар- колхозшылардың еңбеккуніне бөліп беріп, алған балды сатуан 5 мың сом кіріс

Құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде

Конюхов ауданы, Куйбышев атындағы ауылшаруашылық артелінде құрылыс жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Артель басқармасы быйылғы жылы көптеген жаңа құрылыстар салуды жоспарлап, оған дайындықты ерте бастан қолға алған болатын.

Колхоз өткен жылы шлакты бетоннан 130 бас қарамал сыятын қора салу жұмысын қолға алған еді. Бұл қораның құрылысы толық аяқталған -ды. Кәзір колхоз жылжымалы электр станциясының қуатымен бұл қораны электр жарығымен қамтамасыз етті. Колхоз басқармасы қорада жуыр арада аспалы жол, автоматты суарғыш және электр қуатымен сыйыр сауатын агрегатты орнатуды белгілеп отыр. Бұлар үшін қажетті механизмдер сатып алынбақ. Сол сыяқты, 150 бұзау тұратын төл үйі де салынуда. Төл үйінің құрылысы аяқталуға жуық.

Колхоздың егіс көлемі де ұлғайып келеді. Артель быйылғы жылы 5 мың гектардан астам жерге дәнді дақыл септі. Осыған байланысты колхоз мүшелері 20 мың центнер астық сыятын стандартты қойма салуды жоспарлап отыр. Сонымен бірге, овощь және жемістамырлы өсімдіктерді сақтау үшін сыйымдылығы 10 мың центнер жаңа сарай салынбақ. Бұл құрылыстардың аяқталу мерзімі —астық ору басталғанға дейін.

Колхозда жаңа құрылыстарды салу үшін арнаулы құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Оны колхоз председателінің орынбасары Островной жолдас басқарады. Бригада мүшелері күнделік тапсырманы үнемі асыра орындап, еңбек үлгілерін көрсетуде.

Б. ЖАҚЫПОВ,
ҚАРАҚОҒА. (Өз тілшіміз).

Ойдағыдай өтуде

Преснов ауданындағы Баян орта мектебінде емтихан мен сынақ жұмыстары ойдағыдай әзірлікпен басталды. Емтиханның алғашқы күні IV-V-IX және X кластарда өткен жазба емтихан жұмыстарының қорытындылары оқушылардың оқу жылының жауапты әрі шешуші кезеңі —емтиханға жақсы әзірлікпен келгендіктерін көрсетті.

X-класс оқушыларының қазақ тілі және әдебиетінен жазған шығармаларының қорытындысы өте нәтижелі болды. Мектеп бітіруші 45 оқушы жазба жұмыстарын ойдағыдай тапсырды. Әсересе, Жүсіпов, Әшімов, Сыздықова, Сейдахметова, Мәкенова сыяқты оқушылардың жазба жұмыстары көркем тілмен, терең мазмұнды жазылған. Олар алғашқы емтиханды «5» деген бағаға тапсырды.

Мұнымен бірге IX класс оқушылары өздерінің алгебра сабағынан болған алғашқы сынақ жұмысында зор жетістікке ие болды. Ал емтихан

В. М. Молотовтың Кришна Менон мырзаны қабылдауы

ЖЕНЕВА, 24 май, (СОТА). Бүгін ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Индияның саяси қайраткері Кришна Менон мырзаны қабылдады.

СОКП делегациясының Венгер Еңбекшілер партиясының III съезіне келуі

БУДАПЕШТ, 24 май. (СОТА). Бүгін Будапештке, Венгер Еңбекшілер партиясының III съезіне қатысу үшін Совет Одағы Коммунистік партиясының, құрамында СОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшесі К. Е. Ворошилов, СОКП Орталық Комитетінің мүшелері М. Б. Митин және И.Т. Виноградов бар, делегациясы келді.

Делегацияны ССРО және Венгрия шекарасында Венгер Еңбекшілер партиясы Саяси Бюросының мүшесі Эрне Гере, сол сыяқты ССРО-ның Венгриядағы Елшісі Е. Д. Киселев қарсы алды. Будапештің батыс вокзалында делегацияны Венгер Еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Матиас Ракоши, Венгер Еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшесі, Венгер Халық Республикасы Министрлер Советінің председателі Имре Надь және Венгер Еңбекшілер партиясының басқа да басшылары мен Венгер үкметінің мүшелері, сол сыяқты, съезге қатысу үшін келген туысқан Коммунистік және жұмысшы партиялары делегацияларының мүшелері қарсы алды.

Венгер Еңбекшілер партиясы III съезінің ашылуы

БУДАПЕШТ, 24 май. (СОТА). Бүгін Будапешт зор өрлеу жағдайында Венгер Еңбекшілер партиясының (ВЕП) III съезі ашылды.

Съезді ВЕП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі Имре Надь ашты.

Ол съездің бейбітшілік ісі үшін, соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы күрестің ерекше қызу жүргізіліп жатқан кезде ашылып отырғандығын атап көрсетті. Біздің партиямыз, деді ол, Совет Одағы бастаған бейбітшілік лагерінің қатарында бейбітшілік ісі үшін, халықаралық шиеленістің бәсеңдеуі үшін күресуге берік сеніммен белді бекем буған.

Съездің және бүкіл Венгер Еңбекшілер партиясының атынан Имре Надь Совет Одағы Коммунистік партиясының К. Е. Ворошилов бастаған делегациясын құттықтады. Делегаттар СОКП делегациясын орындарынан тұрып, ду қолшапалақтаумен құттықтады. Съезд туысқан Коммунистік және жұмысшы партияларының делегацияларын қызу құттықтады. Съезде барлығы түрлі елдердің туысқан Коммунистік және жұмысшы партияларының 29 делегациясы қатысып отыр.

Съезд 35 адамнан президиум сайлады. Ду қолшапалақтау үстінде президиумға Совет Одағы Коммунистік партиясының делегациясы және басқа туысқан Коммунистік және жұмысшы партияларының делегациялары шақырылды. Бұдан кейін съездің жұмыс органдары—секретариат, редакциялық комиссия, партияның өзгертілген Уставы жобасына енгізілетін ұсыныстарды талқылау туралы комиссия, мандат комиссиясы және басқалары сайланды.

Съездің төмендегідей күн тәртібі қабылданды:

1. Венгер Еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің есебі және ВЕП-тің міндеттері. Баяндамашы Матиас Ракоши жолдас.

2. Мемлекеттік аппарат пен советтердің міндеттері. Баяндамашы Имре Надь жолдас .

3. Орталық Бақылау комиссиясының есебі. Баяндамашы Карой Кипш жолдас.

4. Вентер Еңбекшілер партиясының Уставына өзгерістер енгізу туралы. Баяндамашы Лайош Ач жолдас.

5. Венгер Еңбекшілер партиясының басшы органдарын сайлау.

Бұдан кейін күн тәртібінің бірінші пункті бойынша ВЕП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Матиас Ракоши баяндама жасады.

Болгария мен Грецияның арасында дипломатиялық қатынастардың қалпына келтірілуі

СОФИЯ, 24 май. (СОТА). Бүгін «Работническо дело» газетінде Болгар Халық Республикасы мен Греция арасындағы дипломатиялық қатынастардың қалпына келтірілуі туралы хабар жарияланған.

Хабарда былай делінген: Болгар Халық Республикасы үкметі Греция корольдігімен қалыпты көршілік қатынасты орнату мақсатымен және бұл екі елдің арасындағы барлық талас және шешілмеген мәселелерді келіссөздер арқылы шешуге болады деген сеніммен грек үкметіне Болгария мен Греция арасындағы дипломатиялық қатынасты қалпына келтіруі ұсынды. Осы мақсатпен Болгария Халық Республикасының елшісі мен Греция корольдігінің елшісі арасында Парижда келіссөздер жүргізілді. Бұл келіссөздер үстіміздегі жылдың 22 майында аяқталып, Болгария елшісі мен Греция елшісі өз үкметтерінің атынан Парижда екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастың қалпына келтірілуі туралы декларацияға қол қойды. Декларация бойынша Болгария Греция арасындағы дипломатиялық

БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БЕЙБІТШІЛІК СОВЕТІНІҢ ТӨТЕНШЕ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

БЕРЛИН, 24 май. (СОТА). Бүгін 15 сағат 45 минутта (Берлин уақыты бойынша) салтанатты жағдайда Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің төтенше сессиясы ашылған. Сессия өтіп жатқан зал 10 тілде «бейбітшілік» деген жазуы бар дүние жүзінің түрлі елдерінің туларымен, гүлдермен безелген.

Мәжліске көптеген елдерден бейбітшілікті жақтаушылардың делегациялары, оның ішінде Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының, Францияның, Италияның, Польшаның, Чехословакияның және басқаларының делегациялары қатысуда.

Сессияны Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының вице-председателі Го Мо Жо ашты.

ЕГИПЕТТІҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫН ТАНУҒА ҰМТЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АҚШ-тың ЕГИПЕТКЕ ҚЫСЫМ ЖАСАУЫ

КАИР, 23 май. (СОТА). «Аль—ГУМХУРИЯ» газетінің хабарына қарағанда, батыс державалардың дипломатиялық топтары баспасөздің Египет Қытай Халық Республикасын тану туралы мәселені байыптылықпен шешуде деген хабарларына «тынышсыздануда». Газет сөзіне қарағанда ,22 майда Египет сыртқы істер министрі Фавзиде болған АҚШ-тың елшісі Кеффери бұл хабарлардың қаншалықты шын екендігін сұраған. Бұл сұраққа Фавзи, деп жазады газет, Египет үкметі «барлық үкметтермен байланысты нығайту саясатын жүргізуде» және бұл саясат ең алдымен елдің экономикалық міндеттерін туып отыр деп жауап берген.

Кеше сыртқы істер министрі Фавзи чанкайшилік үкметтің елшісінде болған. Фавзимен кездескеннен кейін бұл гоминдандық «Аль-Ахрам» газетінің тілшісінің «Қытайды азат ету» быйылғы жылы жүзеге асырылатындығы туралы лепірме мәлімдеме жасаған.

ТУНИСТЕГІ ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 24 май. (СОТА). Газеттердің хабарына қарағанда, 22 майда Тунисте саяси тұтқындарды жер аудару, әсересе, «Нео-Дестур» ұлттық партиясының көсемі Хабиб Боргибті Груа аралына жөнелтуге қарсылық білдіру ретінде ұлкен ереуіл болып өткен. Бүкіл елде саудагерлер мен қолөнершілер өздерінің магазиндерін, дүкендері мен мастерскойларын жапқан. Тунис қаласында докерлер және верфьтер мен мастерскойлардың жұмысшылары жұмыстарын тоқтатқан.

Кассирманың жанында қаруланған Тунис азаматтары отарлық әкімшіліктің екі автомашинасына шабуыл жасаған. Джебель Ишкейде француз жазалаушы отрядтары мен қаруланған жергілікті халықтар арасында нағыз ұрыстар болып жатыр. Екі жақтан да өлгендер мен жараланғандар бар.

ҚЫЗЫЛ КРЕСТ ҚОҒАМЫ ЛИГАСЫ СОВЕТІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

тапты болып істей бастағанына 5 жыл болды. Осы аз уақыт ішінде ол бал арасын өсіру мамандығын жете меңгеріп, омартадан жыл сайын көптеген килограмм бал алынуын қамтамасыз етуге жетісті.

Қарыпов жолдас 1952 жылы 12 ұя бал арасынан 5 центнер 80 килограмм бал алды. Колхоз мұның 200 килограмын тапты. Өткен жылы да колхоз 4—5 мың сомның балын сатты.

Қарыпов жолдас быйыл омарта шаруашылығынан колхозға ондаған мың сом кіріс алып беруді және бал арасын 30 ұяға жеткізуді өзінің алдына басты міндет етіп қойып отыр.

К. АСЫЛТАЕВ.

Октябрь ауданы.

класс оқушыларының басым көпшілігінің жазба жұмыстары «4» және «5» болып бағаланды.

Мектептің оқушы және оқытушылар коллективі емтиханды ұйымшылдықпен бастап, оның ойдағыдай аяқталуы үшін қажырлылықпен еңбек етуде,

С. БАРҚЫТОВ.

Жазғы айларда оқытушылардың білімін көтеру ісін ойдағыдай ұйымдастырайық

Коммунистік партия мен Совет Үкметі совет мектебінің мұғалімдеріне үздіксіз қамқорлық жасап, олардың материалдық әл- ауқаты мен мәдени дәрежесін көтерумен қатар өздерінің саяси-идеялық білімдерін және оқытушылық мамандықтарын жетілдіре беруге барлық мүмкіншілікті туғызып отыр.

Жоғарғы және орта дәрежелі педагогикалық оқу орындары жанынан ашылған сырттан оқыйтын оқу орындары, мұғалімдердің білімін көтеру институттары мен қысқа уақытты курстар және семинарлар партия мен үкметтің мұғалімдердің ғылым негіздерімен қаруланыу және өз мамандықтарын жетілдіре беруі үшін ұйымдастырып отырған шараларының бірі болып табылады. Осы шараларды жүзеге асыру нәтижесінде облысымыздың көптеген оқытушылары өз білімдерін көтеруде, соның нәтижесінде толық педагогикалық білімі жоқ оқытушылар саны күннен күнге азаюда. Мәселен, өткен жылы облыс мектептерінде орта дәрежелі педагогикалық білімі жоқ мұғалімдер саны 90 болса, быйылғы оқу жылында олардың саны 30 ға дейін азайды.

Дегенмен, оқытушылардың саяси-идеялық және өз мамандықтары бойынша білімдерін көтеру жұмыстарында әлі де көптеген кемшіліктер бар. Бұл салада бастауыш класс оқытушыларының білімдерін көтеру жұмысында аздап ілгері басқандық болғанмен, жетіжылдық және орта мектеп оқытушыларының білімін көтеруде әлі де болса айтарлықтай кемшіліктерге жол беріліп отыр.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық туралы директиваларында селолық жерлерде жаппай жетіжылдық білім алудан жаппай орта дәрежелі білім алуға көшуге даярлық жұмысын қызу жүргізу міндеттері атап көрсетілген. Бұл міндеттерді орындау халық ағарту орындарынан оқытушылардың білімін көтеру жұмысын дұрыс жолға қоюды талап етеді.

Оқу министрлігі тарапынан біздің облысымызға жіберілген жоғарғы дәрежелі оқу орнын бітірген жас педагогтар саны облыс мектептерінің бұл саладағы мұқтажын өтей алмай отыр. Сондықтан көптеген мектептерде төменгі класс оқушылары арасынан алдыңғы қатарлы оқытушыларды жоғарғы кластарға сабақ беруге тағайындау сияқты жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл жағдай V-X класс оқытушыларының арасында өз білімдерін көтеруге тиістілердің санын арттырып отыр. Көзір облыс бойынша мұндай оқытушылардың саны мыңнан астам.

Еліміздің жоғарғы оқу орнында сырттан оқып жүрген оқытушылар да аз емес. Орта мектептердің 919 оқытушылары жоғарғы оқу орындарының сырттан оқушылары болып табылады. Сол сияқты, сырттан оқу арқылы педагогикалық және оқытушылар институтын бітірушілер саны да жылдан жылға өсе түсуде. Мәселен, өткен жылы Октябрь аудандық оқу бөлімінің бастығы Литвинов, Приешім ауданындағы жетіжылдық мектептердің директорлары Бурлаков, Еременко, Хамзин, Булаев орта мектебінің оқытушысы Омельченко тағы басқалары оқытушылар институтын ойдағыдай бітіріп шықты. Жоғарғы оқу орнын сырттан оқып бітіретін оқытушылар саны быйыл да көбеюде. Олардың қатарында Ленин ауданындағы Совет орта мектебінің директоры Борзаков, Булаев орта мектебінің оқытушысы Кочесов жолдастардың аттарын атауға болады. Быйылғы жылы оқытушылар институтын 52 адам, ал, педогогикалық училищені 63 адам бітіріп шығады.

Облыстық оқу бөлімі жыл сайын жазғы айларда оқытушылардың білімін көтеру жұмысымен ойдағыдай шұғылдануда. Өткен жылы облыстық оқытушылардың білімін жетілдіру институтының жанынан ашылған қысқа мерзімді курстарды 235 оқытушы бітіріп шықты. Ал, быйылғы жылы бұл курста 320 оқытушы оқымақ.

Облыстық оқу бөлімінің алдында мұғалімдердің білімін жетілдіру саласында әлі көптеген міндеттер тұр. Мәселен, облыс мектептерінде түрлі себептермен сырттан оқуға тартылмай келе жатқан 186 оқытушы бар. Олардың ішінде өз білімдерін жетілдіруге жауапсыз қарап жүрген оқытушылар да жоқ емес. Сондықтан да оқу бөлімдері мен мектеп басқарушылары бұл оқытушыларды быйылғы жылы оқытушылардың білімдерін жетілдіру курстарына оқуға тарту жұмысын ойдағыдай ұйымдастырып, олардың бұл курстарды бітіріп шығуын қатаң қадағалаулары керек.

Өз білімдерін көтеруге немқұрайды қарап жүрген оқытушыларға ымырашылдық жасау фактілері кездесетін аудандық оқу бөлімдері де жоқ емес. Мәселен, Преснов ауданының оқытушысы Алексеева төрт жылдан бері педагогикалық училищенің екінші курсын, Октябрь ауданының мұғалімі Гайворон он жылдан бері училищенің төртінші курсын бітіре алмай жүр. Бұл сияқты өз білімін көтеруге жауапсыздықпен қараушы оқытушыларға ымырашылдық жасау —кешірілмейтін іс. Бұл ауданның оқу бөлімдерінің басшылары Алексеев және Гайворон жолдастардың өз білімдерін көтеруге кірісулерін қатаң талап етулері қажет.

Көзіргі уақытта халық ағарту орындары мен мектеп басшылары әрбір оқытушылардың жаз айларында қандай оқу орындарына баратынын анықтап, олардың бұл оқу орындарына деркезінде жетуді ұйымдастырулары қажет. Өткен жылдарда жаз айларында оқуға баратын мұғалімдердің еңбекақыларын деркезінде беруді ойдағыдай ұйымдастыра алмағандықтан, олар білім көтеру курстарына оқу уақытында бара алмады. Быйылғы жылы мұндай кемшіліктерге жол беруге болмайды.

Оқытушылардың білімін көтеру жұмысын жан- жақты түрде, ойдағыдай дайындықпен жүргізу облыстық оқу бөлімінің тікелей міндеті. Сол сияқты, ауданық оқу бөлімі де бұл жұмысқа қажетті мүмкіншіліктерді туғызулары қажет.

Жас ұрпақтарды тәрбиелеуді сеніп тапсырып, үкмет пен партия совет мектебінің мұғалімдеріне зор абройлы әрі жауапты міндет жүктеп отыр. Сондықтан да әрбір оқытушы өзінің саяси- теориялық білімдерін және өз мамандықтарын жетілдіре беруге тиіс.

А. СЕЙІТБЕКОВ,

Облыстық оқу бөлімінің мектеп секторының меңгерушісі.

ПАРИЖДАҒЫ АҒЫЛШЫН- ФРАНЦУЗ КЕЛІССӨЗДЕРІ

ПАРИЖ, 24 май. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, 22 майда Францияның сыртқы істер министрлігінде, мұнда жолшыбай соққан Иден, Ланьель, Бидо, ұлттық қорғаныс министрі Плевен, портфельсіз министр Баррашен және министрлер советі председателінің жанындағы статс-секретары Жели қатысқан маңызды кеңес болған. Агенттіктің сөзіне қарағанда, бұл кеңесте Индо-Қытай проблемасы және Женева кеңесінің перспективалары талқыланған. Бұдан басқа сыртқы істер министрлігінде Иден мен Ланьельдің әңгімесі болып өткен.

Индо—Қытай жөніндегі француз-американдардың белсенді келіссөздері соңғы кездерде бір мезгілде Парижде, Женевада және Вашингтонда, газеттердің хабар етуіне қарағанда, Англия үкметінсіз жүргізілгі жатыр, мұның өзі Лондонда әжептәуір дәрежеде наразылық және тыныншсыздық туғызуда. «Монд» газеті Англияның француз-американ келіссөздерінен сырт қалдырылуы ағылшын- француз қарым-қатысында әжептәуір келіспеушілік туғызып отыр деп атап көрсетеді. Міне, осы жағдай Иденді Лондонға барып, Женева кеңесінің барысы туралы Черчилльге баяндаудан бұрын, Франция астанасына тоқтауға мәжбүр етті.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ ПОЛИЦЕЙЛІК ТЕРРОР

БЕРЛИН, 24 май. (СОТА). АДН агенттігі хабар еткеніндей, Солтүстік Рейн-Вестфалия жерінің алда болатын ландтаг сайлауына байланысты Аденауэр компартия кандидаттарына қарсы террор науқанын бастаған. 22 майда полиция Гельзен-кирхен қалалық советінің Герман Компартиясынан мүшесі және «Дальбуш» шахтасының өндірістік кеңесінің мүшесі Дибиазиді тұтқынға алған. Ол ГКП басқармасы жасаған «ұлттық қайта қосылу программасын» жасауға қатысты деген айыппен айыпталған.

Тек қана 21 майда—бір күнде—ГКП басқармасының 3 мүшесі—Фальтер Фиш, Рихард Шерингер және Карл Цемке түрмеге жабылған. ГКП басқармасының тағы да екі мүшесі—Оскар Нейман және Карл Дикэль 14 июньде Бонн сотында болуға тиісті.

АҒЫЛШЫН ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ЛОНДОН, 24 май. (СОТА). Лондон радиосының хабарына қарағанда, Англияның батыс аудандарындағы темір жол машинашылары мен кочегарларының ереуілінде жаңа темір жолдардың теміржолшылары қосылған. Бүгін таңертең де бір депоның теміржолшылары ереуіл бастады, ереуілге сонымен барлығы 7 депо қатысып отыр. 8 депоның жұмысшылары бүгін кешке ереуіл бастауға келіскен.

Ереуілшілер еңбек жағдайының жақсартылуын талап етуде.

ОСЛО, 24 май. (СОТА). Бүгін Ослодағы университеттің үлкен залында Қызыл Крест қоғамы лигасы Советінің 23-сессиясының ресми ашылуы болды. Ашылуға Норвегияның королі Хокон VII, сыртқы істер министрі Ланге, Одельстанг президенті Хамбро, Норвегиядағы дипломатиялық елшіліктердің басшылары және басқалары қатысты.

Жыйналғандарға арнап Норвегия Қызыл Крест қоғамының председателі Эрлинг Стеен құттықтау сөз сөйледі, бұдан кейін Қызыл Крест қоғамы лигасы Советінің председателі Эмель Сандстрем сөз сөйлеп, сессияны ашық деп жариялады.

БАОДАЙЛЫҚ ВЬЕТНАМДАҒЫ ПОЛИЦИЯЛЫҚ ОЗБЫРЛЫҚ

ПАРИЖ, (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Сайгоннан берген хабарына қарағанда, баодайлық Вьетнамдағы полицейлік және әскери бөлімдер жергілікті халықтарды армияға зорлықпен алу мақсатымен жаппай тұтқындаулар жүргізуде.

ИРАНДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

ТЕГЕРАН, 24 май. (СОТА). Шат-эль-Араб өзенінің тасуы салдарынан Хорремшехр қаласының ауданында 12 деревняны су басқан. Көп адам өлген. Бірнеше мың адам су қоршаған аралда қалған. Хорремшехр темір жол станциясының ауданындағы жағдай өте хауіпті көрінеді.

Редактордың орынбасары

Ғ. НҰРМОЛДИН.

1954 жылдың екінші жартысына облыстық

„Ленин туы“ және „Ленинское знамя“

газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конторларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Булаев ауданы орталығының табынынан екі ат жоғалды. Аттардың біреуі 3 жаста, түрі қарагер, сол жақ жаурынында 32 цифрының, сол жақ жанбасында «К» әрпінің таңбасы бар; екінші ат 3 жаста, маңдайында төбелі бар, артқы сол аяғы шашасына дейін ақ, сол жақ жаурынында «2» цифрының, жанбасында «К» әрпінің таңбасы бар.

Көрген-білгендер болса, Булаев аудандық тұтынушылар одағына хабарлауы сұралады. Сыйыншысі бар.

«Труд» артелі ірі қара малды тәулік бойы бағатын табын ұйымдастырды.

Малдарын бағуға беремін деушілердің Пролетар көшесі, 64-үйге келіп жолығуларына болады.

Оқу комбинатына жұмысшылар және атшы КЕРЕК.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Крепостная көшесі, 5-үй.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАЙГАДАҒЫ УАҚЫИҒА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚОЗЫ-КӨРПЕШ ЖӘНЕ БАЯН-СҰЛУ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

Петропавл қаласы, Капайда, 136-үйде тұрушы Валентина Федоровна Казакова Иосиф Ильич Казаковтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Бұлардың ісі Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп -транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01246. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**